

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 2 қазан жұма 2015 жыл № 37 (39)



Теміртауым-тұғырым!

Мынау менің туған қалам,
Теміртауым-тұғырым.
Құшағында бұлғаң қағам,
Жүрегімде жылы ұғым.

Қашан көрсен қазанында,
Шойын қайнап шыныққан.
Жыр жолдарын жазамын да,
Қарсы аламын тұнық таң.

Бұл қаладан ұшты түлеп,
Өңшең қыран, тектілер.
Темір иген күшті білек,
Тамшылатып төкті тер.


Өндірісті өркендетіп,
Өңірді де дамытты.
Қаланы да көркем етіп,
Қуандырды халықты.

Мақтанышың-мамандығым,
Ұрпағыңмен жалғас табар.
Тілейді елдің амандығын,
Металлург-марғасқалар!

Руза АЛДАШЕВА

Туған күніңмен, сүйікті қалам!





Республикалық экспедиция

Осы жылғы 11 қыркүйекте Қазақ хандығының 550 жылдығы Астана қаласында тойланған тұста еліміздің бүкіл аймағын аралау үшін үш экспедиция аттанғаны жөнінде хабар барша жұртқа мәлім. 28 қыркүйек күні „Ұлы дала елі, республикалық тарихи-мәдени іс-сапарына қатысушылар облысымыздың Ұлытау, Жезқазған, Жаңарқа, Қарқаралы аймақтарын аралап келіп, Теміртауға табан тіреді.



«Ұлы дала елі» – Теміртауда

Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығында экспедицияға қатысушыларды үлкен салтанатты жағдайда қарсы алған жиын өтті. Қала студенттері қолдарына „Қазақ хандығына 550 жыл, „Бір ел, бір тағдыр, бір Елбасы!“, „Қазақстан Мәңгілік ел, деген көрнекті жазбаларды, ел байрағын желбіретіп „Қош келдіңіздер!“, деп жылы жүзбен қарсы алған экспедиция мүшелері бірден орталықтың екінші қабатына көтеріліп, ондағы Елбасы өміріне байланысты аса қызықты жәдігерлерді тамашалады. Бұдан кейін орталықтың үлкен залында лық толған қала тұрғындары экспедиция мүшелерінің әңгімелерін тыңдады. Сахна Президиумына жайғасқан тарих ғылымдарының докторы, профессор, Еуразия университетінің оқытушысы Әміржан Әлпейісов көне тарихтан сыр шертіп, Қазақ хандығының 550 жылдығы тойлануының мән-жапсарын байыпты әңгімеледі.

– Елбасының ұсынысымен биыл Қазақ хандығының 550 жылдығы үлкен мерекеге ұласуда, бұл біздің қазақ мемлекеттігінің талай ғасырларға созылған тарихының бір ғана бөлігі. Негізі, біздің елдігіміз, сонау 552 жылғы түрік қағанатының ұйымдасуынан басталады, - дей келе ол экспедицияның басты мақсаты елдегі бұрынғы-соңды тарихты тағы бір рет зерттеу, зерделеу, халықпен кездесіп, олардың бүгінгі өмірімен нақты танысу, тарихымыздағы ақтандақтарды толықтыру үшін жаңа деректер жинастыру екендігін жеткізді. Экспедиция Көкшетау қаласындағы Кенесары алаңынан бастап міне, жиырма күн бойы Орталық Қазақстанның, Арқаның біраз жерін аралады. Елімізде тұратын жүз отыздан аса ұлт пен ұлыстың бейбіт, әрі достық жағдайда өмір сүруі де іс-сапарға қатысушы ғалымдардың,



тарихшылардың назарынан тыс қалмаған. Оның құрамында Қазақстан Ассамблеясының мүшелері, қазақ география қоғамының танымал мамандары бар. Мәселен, әлемді велосипедпен аралап шыққан Мағжан Сағымбаев, жастардың танымдық журналының редакторы Рүстем Жүніс, „Қоғамдық келісім, бірлестігінің жетекшісі Нұрбек Шаяхметов сияқты ел тарихымен етене айналысып жүрген мамандар бұл экспедицияның барлық материалдары жинақталып, үш томдық кітап басылатынын жеткізді. Экспедиция халықтың кешегісі мен ертеңгісі арасындағы бір көпір тәрізді, олар өздері жүрген жерлерінде Қазақстан тарихы туралы елдің пікірін, ұсынысын, басқа да тарихи деректерді жинақтап, жазып, келешекке жеткізуге мүдделі. Эспедиция өзінің сапарын 8 қазанда Тараз қаласында аяқтап, сонда өтетін Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау мерекесіне қатысады.

Тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығындағы салтанатты жиынды қалалық мәслихат хатшысы

В.И.Свиридов ашып, меймандарды ел игілігі үшін атқарып жүрген іскерлік сапарының сәтті аяқталуына тілек білдірді және Теміртау металлургтері бейнеленген картинаны сыйға тартты. Бұдан кейін тарих ғылымының докторы, профессор Әміржан Әлпейісов осы сапар туралы әңгімелеп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. „Ұлы дала елі, экспедициясына қала тұрғындарының қызығушылығы өте жоғары болды, Елбасының „100 нақты қадамында, айтылған „Мәңгілік ел, жобасы Ресеймен арадағы қазіргі сауда-экономикалық байланыс, археологиялық қазбалар жөнінде сауалдар беріліп, оған тарихшы нақты жауаптар қайтарды. Қаланың бас ақыны көрнекті қаламгер Қасым Ботанов Қазақ хандығының 550 жылдығына арнаған жырды оқыды.

Жұртшылықтың экспедиция мүшелерімен бұл кездесуі „Атамекен, өнін бәрі қосыла шырақпаумен аяқталды.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Мұғалім еңбегі ардақты

Қымбатты мұғалімдер, оқытушылар, мектепке дейінгі және қосымша білім беру мекемелерінің ұстаздары, педагогикалық еңбектің ардагерлері! Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз-мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мұғалім еңбегі аса ардақты, шығармашылық пен ізденіске толы. Сонымен қатар ол ең қиын да жауапты еңбек. Сіздер сабақта да, одан бос уақытта да балалармен әңгімелескенде сіздер өскелең ұрпақты адал болуға, үлкенге - құрмет, кішіге - ізет көрсетіп, туған Отанды сүюге тәрбиелейсіздер. Сіздер ғана жалпы Қазақстанның, қаламызды, аймағымыздың тағдырын айқындайтын білімді, жан-жақты дамыған жастарды оқытып, тәрбиелеп өсіресіздер.

Қаламыздағы білім беру мекемелерінің интеллектуалды әлеуеті орасан деп ауыз толтырып айтуға әбден болады. Мұнда өз ісінің шеберлері, бірталай үкімттік марапаттар мен құрметті атақтары бар, соғары санатты, сондай-ақ түрлі конкурстардың лауреаттары



мен жеңімпаздары еңбек етеді. Жүрек қалауына адалдық танытып, жас мұғалімдерге үлгі болып келе жатқан зейнеткер ұстаздардың лайықты еңбегіне қандай мақтау айтсақ та жара-сады. Расында, біз қаламыздың мұғалімдерімен мақтанамыз.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, елеулі еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін. Күн сайынғы қырбаласқа толы еңбектеріңіз бен адалдықтарыңызға басымды иемін. Мерекелеріңіз көтеріңкі көңіл-күй мен ыстық ықыластарға толы құттықтаулар өкелсін. Баршаңызға мықты денсаулық пен табыс тілеймін.

Қала әкімі
Ғалым ӘШИМОВ

Қаламыз үлгіне береін!

Құрметті теміртаулықтар!

Қала күнімен шын жүректен құттықтауды қабыл алыңыздар! Әр ұрпақ өкілдерін біріктіретін бұл тамаша және жарқын мереке барлық қалалықтар үшін сүйікті мейрамға айналған.

Өз тарихында жетпісжылдыққа аяқ басқан Теміртау өткен мен бүгіннің, бірлік пен қалалықтардың жасампаздық әлеуетінің үлгісін көрсетуде.

Бүгіндері қаламыз қарқынды дамып келеді, ажарлана түсуде және тұрмыс үшін қолайлы болуда. Оның бет-бейнесі өзгеруде, көшелері, саябақтары мен шағын бақтары жақсарып, көз қызықтырады. Теміртау қаласының жолдары мен аулаишілік аумақтарды абаттандыру, көліктік инфрақұрылымды жақсарту жөніндегі жұмыстар жалғасуда. Бұл, әрине, барлық теміртаулықтардың еселі еңбектерінің нәтижесі, олардың әрқайсысы қала тағдырына өзіндік сүбелі үлес қосты.

Қымбатты достар!

Біздің қаламызда одан әрі үдемелі дамуға үлкен мүмкіндіктер бар, оны тек ортақ күш-жігермен жүзеге асыруға болады.

Әртотбасына денсаулық, бақыт, мерекелік көңіл-күй, бейбітшілік, амандық пен гүлдену тілеймін. Барлық игі бастамаларыңызда табысқа, жаңа еңбек және шығармашылық жетістіктерге қол жеткізіңіздер. Біздің сүйікті Теміртауымыз ізгілікте гүлдене берсін.

Қала күнімен, қымбатты достар!

Теміртау қаласы әкімі
Ғ. ӘШИМОВ

Қалалық мәслихат хатшысы
В. СВИРИДОВ

Туған күніңмен!

Қымбатты теміртаулықтар!

Сіздерді Теміртаудың 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Қаланың тарихы Қазақстан дамуы мен индустриялық қалыптасу тарихымен ұштас. Кеңес одағындағы ең ірі металлургиялық өндіріс - Қазақстан Магниткасының құрылысы республика мен қаланың дамуына ерекше қарқын берді. Соғыс жылдарындағы қиын-қыстау кезеңде аға ұрпақ өкілдері ерлікке толы еңбектерімен Қазақстан үшін теңдессіз өндіріс кәсіпорнын, қуатты құрылыс кешенін салды.

Көп ұлттардың еңбек ұжымдарының қатысуымен Теміртауда қазақстандық мінез-құлық қалыптасты, негізіне достық пен бейбітсүйгіштік және ізгілік қасиеттер арқау болған көпұлтты жаңа мәдени қоғам құрылды. Осында болашақ Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбек жолы басталып, саяси көзқарасы қалыптасты.

Бүгінде теміртаулықтар қала ардагерлерінің даңқын лайықты жалғастырып келеді. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде абаттандыруға байланысты көптеген жобалар жүзеге асырылды. Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында жаңа бастамалар қолдау тауып, жүзеге асырылуда. Азаматтық және үкіметтік емес сектор өзінің белсенділігімен ерекшеленуде.

Нұрсұлтан Назарбаевтың ұлт жоспарының аясында республикада қоғамның барлық саласын қамтыған ауқымды істер жүзеге асырылуда. Мен қала тұрғындарының біздің Президенттің саяси бағытын толық қолдайтынына және Теміртаудың бұдан былай экологиялық жағынан мінсіз қала болуына өз үлестерін қосатынына кәміл сенемін.

Қала күнімен, теміртаулықтар!

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Андрей БЕГЕНЕЕВ

Хабарландыру

және «Айхан» шаруа қожалығының (жеміс-көкөніс өнімдері) қатысуымен әлеуметтік жәрмеңке өтеді.


Теміртау қаласының барлық тұрғындарын жәрмеңкеге атсалысып қатысуға шақырамыз».

2015 жылдың 03 қазан күні сағат 9-00-де Теміртау қаласының 70 орам аумағындағы «Экспресс» базарында өтетін жергілікті ауыл шаруашылық тауар өндірушілері мен қайта өңдеуші кәсіпорындар



Әкім есеп берді

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс сессиясы атқарушы биліктің үстіміздегі жылғы сегіз айдағы жұмысы жөнінде депутаттар алдындағы есепті бекітуге арналды. Бұл дәстүр бұрыннан жалғасып келеді, қала басшысы қалаулылар алдында жылына екі рет есеп береді. Қазіргі әкім Ғалым Әшімовтың бұл лауазымға таяуда ғана келгеніне қарамастан ол өзінің алдындағы басшы істеген жұмыстарға тоқталып, жан-жақты баяндама жасады.



К

Теміртау

қарқынды дамуда

- Қазір елімізде оның ішінде біздің Теміртау қаласында да экономикалық-қаржылық жағдай аса күрделі, сондай-ақ қала ұстаушы „Арселор-Миттал Теміртау„ өндірісі де бірқалыпты ырғақты деңгейде жүріп жатқан жоқ. Соған қарамастан үстіміздегі жылғы сегіз айдың қорытындысы салыстырмалы түрде жаман емес. Көптеген көрсеткіштер бойынша өсім бар,-дей келе Ғалым Әшімов қалада шығарылатын негізгі өнімдердің нақты цифрларына тоқталды.

Теміртауда шығарылатын негізгі өнім түрлері бойынша оның көлемінің өсуі нақты цифрлар деңгейінде былай өрнектеледі: шойын - 8 пайыз, ақ қаңылтыр - 27 пайыз, кальций карбиді - 33 пайыз, целлюлоза және целлюлоза қоспасы-19,2 пайыз, цемент - 54 пайыз, нан өнімдері - 6,5 пайыз артығымен шығарылған. Табыстың осындай қомақты болуына көптеген салаларға қосылған инвестиция көлемінің өткен жылдың сәйкес мерзіміндегіден 15 пайыз артық болуы негіз қалап отыр.

Экономиканың жетекші қозғаушы күші - шағын және орта бизнес десек, металлургия қаласында бұл салада айтарлықтай қарқын бар. Жыл басынан бері шағын бизнес нысандарының саны 5,5 пайыз өсіп, олар өткен жылға қарағанда өнімді 8 пайыз артық шығарған. Соның нәтижесінде олардың қала бюджетіне беретін түсімі биылғы 8 айда 21 пайызға өсті.

Әкім өндірісті қаладағы ауыл шаруашылығы көрсеткіштерінің де қомақты екендігін атап айтты. Бізде үлкен фермалар, шаруа қожалықтары жоқ, дегенмен жеке сектордағы тұрғындар аулаларында да ауыл шаруашылығы өнімдері шығарылуда. Биыл теміртаулықтар ет, сүт, жұмыртқа өндіруді біршама арттырды. Жыл басынан бері 29 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, „Еңбек етсең - емерсің„ дегендей, қалалықтардың табысы да еселеп арта түсуде. Қазір Теміртауда орташа жалақы 107 900 теңге көлемінде, бұл 2014 жылдың осы мерзіміндегіден 1,6 пайыз жоғары. Демографиялық жағдайға келсек, ол да уақыт өткен сайын жақсара түсуде. Өмірге сәби келу көрсеткішінің өткен жылға қарағанда 2,5 пайыз төмендегеніне қарамастан, биылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Теміртауда 184 800

тұрғын бар, бұл өткен жылға қарағанда 688 адамға артық. Бұлардың бәрі экономикалық және әлеуметтік дамудың бұрнағы жылға қарағанда ілгерілегенін көрсететін цифрлар. Дегенмен күнгейлі істің көлеңкесі де болатыны, өнім қарқынының төмендеуі шығарылған өнімнің азаюы сияқты көңіл көншітпейтін көрсеткіштер де баршылық. Қазір өндіріс өнімдерін шығару көлемі 232 млрд. 190 млн. теңге, бұл цифр 2014 жылғы қол жеткендегіден 16,3 пайыз аз. Бұған басты себеп металл өнімдеріне деген сұраныстың азаюы және „АрселорМиттал Теміртау„ №2 домна пешіндегі орын алған апат. Үстіміздегі жылы қала ішіндегі жолаушы тасымалы құнының бұрынғы 50 теңгеден 70 теңгеге көтерілгені мәлім. Осыған байланысты қала тұрғындары қоғамдық көлікті пайдалануды бұрынғыдан әлдеқайда азайтқан. Үстіміздегі жылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша жолаушы айналымының 6 пайыз кемуі осының айғағы.

Қала бюджеті туралы айта келіп, әкім республикалық және облыстық бюджеттерден берілетін трансферттерді қоса есептегенде қазынаға 7 млрд. 522 млн. теңге түсіп, жоспар 103,5 пайыз орындалғанын айтты. Қалалық бюджетке түскен қаражаттың біразы – үштен бір бөлігіне жуығы облыстық бюджетке алынады, содан қалған ақшаны біздің қаланың түрлі салалары бойынша қажеттілікке жұмсау жүзеге асуда. Сегіз айдың қорытындысы бойынша бюджеттің шығыс бөлігі 99,7 пайыз орындалды. Негізгі қаражаттың басым бөлігі білім беру саласына жұмсалды. Үстіміздегі жылы мектептер мен бала бақшаларды, қосымша білім беру мекемелерін қаржыландыруға, материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жөндеуге 4 млрд. 277 млн. теңге бөлінді. 60 млн. теңгеге мектептерге оқулықтар сатып алынды, бірқатар бала бақшалар мен оқу орындары жөнделді, жаңадан 175 компьютер алынды. 17 мектепте бейне бақылау жүйесі орнатылып жатыр, келер жылы жұмсалып отырған білім беру саласы жұмысының ең басты көрсеткіші ҰБТ екені белгілі. Соңғы үш жылдан бері теміртаулық түлектер өздерінің білім сапасы деңгейін артты-

руда. 2015 жылы ҰБТ-ға мектеп бітірушілердің 56 пайызы қатысты, қала бойынша орташа балл - 82,1. Бұл көрсеткіш облыстық және республикалық деңгейден біршама жоғары.

Бюджет қаражатының біраз бөлігі халықтың аз қамтылған тобына мемлекеттік қолдау жасауға жұмсалуда. Қажетті жағдайда мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй жәрдемі, 18 жасқа дейінгі баласы бар отбасыларына өтемақы, Жеңіс күні құрметіне ардагерлерге көмек, бағаның қымбаттауына байланысты қоғамдық көлікте жолақының бір бөлігін өтеу мақсатында қаржы жұмсалды. Азаматтардың осындай әлеуметтік көмекке мұқтаж топтарына жыл басынан бері 73,8 млн. теңге жұмсалған. Сондай-ақ жұмыссыз қала тұрғындары да қажетті мамандықтарды игеріп, қайта оқу үшін, әлеуметтік жұмыс орындарын толықтыруға жолдамалар беріліп келеді.

- Биылғы сегіз айда жұмыс іздеп тиісті мекемеге 3672 адам өтініш берген, соның 2717-сі жұмыспен қамтылды, ал 570 адам ақы төленетін қоғамдық еңбекке пайдаланылды,-деді қала әкімі Ғалым Әшімов.

Тұрғындардың бос уақытын дұрыс өткізуіне, спортпен айналысуына, дене шынықтыруға жағдай жасалып келеді. Қазіргі кезде қалалықтардың 27 пайызы түрлі спортпен, дене шынықтырумен айналысады. Түрлі спорт нысандарында 325 жаттығу секциялары жұмыс істеп тұр. Әкім Теміртау қаласында „Саламатты Қазақстан„ денсаулықты қорғауды дамыту мемлекеттік бағдарламасының ойдағыдай жүзеге асып жатқанына тоқталды. Облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа орталық ауруханада арнайы бірнеше емдеу бөлмесі жөнделуде, оған қалалық тері-венерология диспансері көшіп келеді. Сондай-ақ туберкулезге қарсы күрес бағдарламасы өзінің нәтижесін беруде. Соңғы бір жылда ғана бұл сырқаттың таралу

деңгейі 1,6 пайыз азайған. Жыл басынан бері ана өліміне жол берілген жоқ. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы да бюджет қаражатының біраз бөлігі жұмсалатын сала, биыл мұнда 570 млн. 900 мың теңге бағытталды. Бұл қаражатқа 117 орамда біраз баспана сатып алынды, құдықтардың қақпақтары айырбасталды, тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығы жанындағы саябақ абаттандырылды, Металлургия даңғылының бір бөлігі жаңартылды. Көшені жарықтандыру үшін шаралар жасалды, жағажайлар мен ағын сулар жүйесі тазартылды. Жасыл желекке күтім жасалды, тұрмыстық қалдықтарды шығаратын контейнер алаңдары жасақталды. Жол жөндеуге де қомақты қаржы жұмсалып келеді, биылғы сегіз айда осы мақсатқа бөлінген 635 млн. теңгенің 385 млн. теңгесі игерілді. Бұл Чернышевский көшесін және перзентхана алдындағы, шығыс, орталық және ескі бөліктегі жолдарды жөндеуге тиесілі қаржының тек тамыз айында ғана бөлінуіне байланысты болып отыр, ол жерлерде жұмыс әлі де жүргізілуде.

Қала әкімі Теміртауда түрлі қоғамдық тәртіп, құқық бұзу көрсеткішінің 53 пайыз өскенін жеткізді, сонымен қоса аса ауыр және ауыр деңгейдегі қылмыс саны азайып, оларды ашу көрсеткіштері біршама жақсарған. Міне, жалпы алғанда 2015 жылы Теміртау қаласының әлеуеті осы дәрежеде, алда экономикалық көрсеткіштерді әлі де болса да біршама жақсартатын мүмкіндіктерді жылдың соңғы тоқсанында мүлтік жібермей пайдалану міндеті тұр.

Қалалық мәслихат депутаттары Ғалым Әшімовтың қала әкімінің қызметіне таяуда ғана келгенін ескеріп, қосымша сұрақтар берген жоқ. Есеп бірауыздан қабылданды.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Қала жаңалығы

Ақтау кентінде жылына 3 млн. данаға дейін жарылғыш зат шығаратын жаңа завод іске қосылды. Бұл Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарының бірлескен жобасы. Екі жыл бойы құрылысы жүргізілген өндіріс ошағының келешегі зор, өйткені біздің елімізде күні бүгінге дейін мұндай қызмет көрсететін өндіріс орны жоқ.

Ақтаудағы жаңа кәсіпорын

Заводтың өнімдерін өткізу аумағы да кең, бұл жарылғыш заттарды „АрселорМиттал Теміртау„ „Қазақмыс„ „Қазцинк„ және тағы басқа өндіріс орындары пайдаланатын болады.


- Жаңа өндірісті Ақтау кентінде салу тегін таңдалған жоқ, өйткені мұнда қажетті қоймалар және инфрақұрылымдар бар. Екі жарым жылға созылған завод құрылысына жекеменшік инвестициялар тартылған. Жалпы бұл өндіріске 2 млн. доллардай қаражат жұмсалды. Қазіргі уақытта жылына екі жарым-үш млн. дана жарылғыш заттар шығарылады. Ал біздің Қазақстанның сұранымы жылына 10 млн. дана. Алдағы жылы еліміздің қажетін толық өтейтіндей өндірістік қуат барынша игерілетін болады,-дейді мамандар.

Өзірге бұл кәсіпорынның басты қиыншылығы маман кадрлардың жетіспеушілігі, қазір олар сырттан келіп жұмыс істеуде. Келешекте жергілікті тұрғындар арасынан мамандар іздегізіру жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда мұнда 25 жұмыс орны ашылған, өндіріс жобалық қуатқа жеткен кезде 50 адам жұмыс істейтін болады. Жаңа заводты іске қосу салтанатына қала әкімі Ғалым Әшімов қатысты. Бұдан кейін кәсіпорынның цехтарын, өндірістік буындарын аралап көрді.

- Мұндай кәсіпорынның біздің қалада ашылуы өте қуанышты жағдай, бұл бағыт тау-кен өнеркәсібін дамытуға өте қажет. Республикамызда бұл компанияның төрт кәсіпорны бар. Жаңа жұмыс орындарының біздің қаладан ашылуы бірқатар проблемаларды шешуге көмектеседі. Сіздерге табыс тілеймін,-деді қала әкімі.

Осылайша, Ақтау кентінде тағы бір жаңа өндіріс есігін айқара ашты.

Өз тілшімізден



Дәлірек айтсақ 2015 жылдың 9 айында жоспар бойынша 7323, 2 млн. теңге кіріс кіруі керек болса іс жүзінде 7602,9 млн. теңге жиналды, бұл жоспар 103,8 пайыз орындалғанын білдіреді. Қазірдің өзінде жылдық меже 76,3 пайыз алынды. Үстіміздегі жылы 9960,2 млн. теңге қаражат жиналуға тиіс, қала бюджетінің жоспары толық орындалады деген сенімдеміз. Бұған 9 айда жоспардың 279,7 млн. теңге артығымен орындалуы дәлел бола алады. Әсіресе жер учаскелерін сатудан түскен қаржы қомақты. Бұған «АрселорМиттал Теміртау» АҚ 443,0 млн. теңгеге жер учаскелерін сатып алып бұл қаражаттың қалалық бюджетке аударылуы негіз болып отыр.

Бюджет қаражаты әрбір кәсіпорынның, шағын және орта бизнестің, жеке тұлғалардың өтемдерінен құралатыны белгілі. Дегенмен оның орындалуына қол байлау боларлық жағдайлар да жоқ емес. Мәселен қаладағы іргелі кәсіпорындардың бірі ТЭМК ЖШС-ы Қарағанды қаласында салықтық есепте тұратын болып қайта тіркеуден өткендіктен біздің бюджет 34 млн. теңгені жоғалтып отыр. Сондай-ақ «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өткен жылдың желтоқсанында биылғы төлем есебінен алдын ала мүлдіктік және жер салықтарын өтеп қойған болатын, бұл да биылғы



Бюджет

Қаланың қазынасы – бюджет қаражаты, оны дер кезінде жинау, толтыру, қажетінше мөлшерде, әрі орын-орнымен жұмсау маңызды міндет. Бұл салада салықшылар, экономистер, қаржыгерлер уақытпен санаспай тер төгеді. Осындай тынымсыз еңбектің нәтижесі болар қазір орын алып отырған көптеген дағдарыс зардаптары мен қиындықтарға қарамастан бюджеттің кірісі бөлігі ойдағыдай орындалып отыр.

қазынаның сәл де болса кемуіне жол ашты.

Қалалық бюджеттің шығыс бөлігінің орындалуына келсек, 2015 жылдың 9 айында бұл бағыттағы жоспар 99 пайыз деңгейінде, яғни белгіленген 8158,5 млн. теңге орнына 8078,7 млн. теңге жұмсалды. Бұған республикалық бюджеттен түсетін трансферттің азаюы себеп болып отыр. Облыстық және



Кіріс – артығымен

жергілікті бюджет қаражаттары толық көлемінде белгіленген мақсаттарға жұмсалды.

Үстіміздегі жылы 79,8 млн. теңге бюджет қаражаты игерілмей тұр. Оның басым бөлігі мемлекеттік сатып алулар кезіндегі үнемделген қаржылар, нақтылап айтсақ мүгедектерге тазалық пакеттерін алуға тиесілі 21,4 млн. теңге, шағын қалаларды дамыту бағдарламасы аясындағы ағымдағы шараларға жұмсалатын 56,9 млн. теңге.

Қалалық бюджет есебінен 1,5 млн. теңге уақытша еңбекке жарамсыздық есебі бойынша үнемделді. Қазір еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі облыстық басқармаға, мүгедектер қажетіне жұмсалуға тиісті 21,4 млн. теңгені кейінгі айларға жылжыту жөнінде өтініші берді. Мәселе қаралып жатыр.

Міне, қала бюджетінің бүгінгі жағдайы кіріс бөлігінің жоспарлы межеден сәл де болса асып түсіп шаруашылыққа қажетті қаражаттың тиісті көздерден дер кезінде жиналу мүмкіндігі бар екенін көрсетіп отыр. Бұл белгіленген барлық бағдарламалардың орындалатынына үлкен сенімділік туғызады.

Бақыт ҚОНАҚАЕВА,
экономика және қаржы
бөлімінің жетекшісі



Сайысып - бақты



Тіл мерейі

Жыл сайын қыркүйектің соңғы күндерінде тіл мерекесі тойланады. Оның қарсаңында көптеген оқу орындары, кәсіпорындар мен мекемелер өздеріндегі Қазақстан халқы тілдерінің дамуы, қолданыс аясы, келешегі туралы толғанысты басқосулар өткізеді, байқаулар мен конкурстар барысында бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қаншалықты деңгейде екендігі сарапқа түсіп, сыналады.

«Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ, наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деп ұлы Абай айтқандай тілдің мерейін асырып, оны жетік білетіндердің мәртебесін тасытатын мұндай байқау біздің Теміртау қаласында да өтті, қалалық мәдениет сарайында мемлекеттік қызметкерлер «Тіл мерекесі – ел мерекесі» деген тақырыпта бәсекеге түсті. Оған 5 команда қатысты. Өздерінің аттарынан көрініп тұрғандай «Білімпаз» – оқу бөлімі, «Шипагерлер» – денсаулық саласы, «Сұңқар» – күзет қызметі, «Сакшы» – ішкі істер басқармасы және «Мұрагер» қалалық әкімдіктің ұжымдарынан құрылған еді. Байқау төрт кезеңде өтті, алдымен командалар өздерін таныстырды, жұмыс орындарындағы қол жеткен табыстарын бас-аяғы 2 минут ішінде айтып беру мүмкіндігін бәрі де тиімді пайдалана білді. Келесі кезең тілдің үш тұғырлылығы деген атынан көрініп тұрғандай қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құжат дайындау қажет еді. Арыз, түсініктеме, түйіндеме үш тілде сауатты жазылуы қажет, сонда олардың әрқайсысына 1 балдан беріледі, жарыс шартының осындай қатаң әрі нақты талаптары толық орындалғанда ғана командалар 3 балл жинау мүмкіндігіне ие. Байқаудың үшінші кезеңі көрермендер үшін өте қызығалықты бодды, қатысушылар «Тілдер туыстығы – мәдени туыстық» деген ұранмен қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін сахналады. Бұл сайыста құрамында басым көбі басқа ұлт өкілдері болғанына қарамастан «Шипагер» командасы жаңа туған сәбиді бесікке салу рәсімін өте тамаша көрсетіп, көпшілікті риза қылды. «Сұңқардың» баланы қыркынан шығаруы да өте әдемі болды. Ал «Білімпаз» командасының қыз ұзатуы кәдімгі кәсіби драмалық театрландырылған

көріністен бірде-бір кем болған жоқ. Ұстаздар мен оқушылардан құралған бұл топ осы салтты көрсетуге барынша мұқият дайындалғаны көрініп тұр, үй-ішінің безендірілуі, қатысушылардың киімі бәрі-бәрі кәдімгі сахна өнерінің шеберлері ойнағандай әсер қалдырды. Жарыстың соңғы кезеңінде ұлттық музыкалық аспаптар ойнау, би билеу, ән салу, көркем сөз оқу шеберліктері бойынша

сынақ өтті. Мұнда да командалар өздерінің мың бұралған билерімен, тамылжыған әндерімен көрермендер көңілінен шықты, сайысты зал төрінен бақылай отырып, мемлекеттік қызметкерлердің қазақ тілінде сөйлеуге және қарапайым күнделікті тұрмыстық қарабайыр әңгіме емес көркем тілмен нақышты, әуезді әңгімелеуге деген талаптары ерекше болды. Бұл сынақ Теміртаудағы мемлекеттік тіл аясының қолданылу көкжиегі кеңейіп, оны білуге деген құлшыныстың уақыт өткен сайын артып келе жатқанын көрсетті.

«Тәуекел мен батыр ой, Өткір тілді найза етіп. Сайысып-ақ бақты ғой, Неше түрлі айла етіп» деп ақын жырлағандай бұл байқауда шынында да тәуекел де, батырлық та, өткір тіл де, айла амал да кемерінен тасып артылып жатты. Өйткені командалар арасында жеңіске деген күштарлық әрбір көріністе байқалып тұрды. Сонымен жарыс мұраты жеңу болғандықтан жүзден жүйріктер де анықталды. Бұл байқауда «Білімпаз» командасы жеңіске жетіп, жүлделі бірінші орынның биігінен көрінді. Қарағанды облысы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының №2 полиция батальоны қызметкерлерінен құралған «Сұңқар» командасы екінші, әкімдіктің «Мұрагері» үшінші орындарға шықты. Басым бөлігі орыс ұлты өкілдерінен болған «Шипагер» бұл сайыстың ең жан-жақты, креативті командасы мәртебесін иеленді. Ал Ішкі істер басқармасының «Сакшы» командасы нағыз шығармашылық топ атанды. Жарысқа қатысқан барлық тіл жанашырларына қалалық Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, тілдерді дамыту орталығы тарапынан дипломдар мен сыйлықтар тапсырылды.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теміртау қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қызметшілердің Ар-намыс кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңдарын бұзу фактілерін хабарлау үшін 92-20-05 нөмірлі сенім телефоны орнатылды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Темиртау» установлен телефон доверия 92-20-05 для сообщения о фактах нарушения государственных служащими Отдела норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ БОЙЫНША КЕСТЕСІ

«Теміртау қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ

Теміртау қ., Тәуелсіздік гүлзары, 9 үй

Лауазым	Т.А.Ә.	Қабылдау күні	Қабылдаудың сағаттары
Басшы	Ғалымжан Оспанұлы Спабеков	бейсенбі	сағ 16:00-ден 18:00-дейін

ГРАФИК ЛИЧНОГО ПРИЕМА ФИЗИЧЕСКИХ И ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ

ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Темиртау»
по адресу г.Темиртау, Бульвар Независимости, 9

Должность	Ф.И.О.	Дата приема	Время приема
Руководитель	Спабеков Ғалымжан Оспанович	каждый четверг	с 16:00ч до 18:00ч




1 қазан – қарттар күні

Өмір-керуен тәрізді, ол уақыт өткен сайын бүгінді өткенге, болашақты бүгінге айналдырумен келеді. Күні кеше ғана бойындағы жастық жалынымен ел үшін еңбек етіп, қаламыздың іргетасының қалануына, ондағы қым-қауырт тіршіліктің жақсаруына өз үлесін қосқан жандардың қатары сиреп барады. Тағдырдың жазуымен әртүрлі жағдайларға тап болып, тұрмыс тауқыметін тартқан адамдар да жоқ емес арамызда. Дегенмен, қартайып, бойынан күш-қуаты кеткен кезінде „іштен шыққан шұбар жыланға,, қажетсіз болып, жалғыз қалған қарияларға мемлекет қамқорлық жасап келеді.

„Еліміздің басты байлығы, ең қастерлі қазынасы жердің астында емес, үстінде де емес- адамдарымыздың жүрегінде,,.

Ұлт Көшбасшысы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



Қастерлі қазынамызды қадірлейік



деп ойламағам, тағдырымның жазуы осы болды... Мұнда жағдайым жақсы, күніне төрт мезгіл тамақтандырады. Жатын бөлmemіз жылы, жайлы, былтыр жөндеу жұмыстары жүргізілген соң, тіпті жарқырап шыға келді. Қызметші қыздарға да дән ризамын, қан қысымымды өлшеп, қамқор болып жүреді, ауыра қалсам, дәрі-дәрмегін беріп, бәйек болады,- дейді сыртта серуендеп жүрген әжей.

Өткен сейсенбі күні мұнда Жапонияның еліміздегі елшісі Камохара Масаеси мырза арнайы келіп, жөндеу жұмыстарының қаншалықты деңгейде жүргізілгенін көзімен көріп, қанағаттанарлық сезімін білдірді. „Көк тамыры,, бағдарламасы Жапония үкіметінің бағдарламасы, ол мектептерге, медицина мекемелеріне, үкіметтік емес ұйымдарға әр түрлі

Жалғызділікті қарттардың басын қосып, олардың ыстық ұясына айналған ардагерлер үйлері қаншама десеңізші? Ал қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар негізінде жалғызділікті қарттардың жағдайын жасап, бастарына баспана мен ішер астарын беріп келеді. Мемлекетіміз енді тәй-тәйлап аяқ басқан сонау қиын кезеңде ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: „Біздің ең басты міндетіміз -тұрғындардың көмекке мұқтаж, әлжуаз тобына барынша жәрдемдесу болып табылады,, деген болатын. Атап айтқанда,1991 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстанның Қызыл Ай қоғамы туралы заң қабылданып, соның аясында жер-жерлерде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, тыл еңбеккерлері мен үнемі күтімді қажет ететін зейнеткерлерге арналған Қайырымдылық үйлері бой көтере бастады. Оларда жалғызділікті қариялар әлеуметтік-медициналық көмекті де алады. Міне, осындай қайырымдылық үйі біздің құрыш қала да өз жұмысын осыдан тура жиырма үш жыл бұрын бастаған болатын. Ескі қаладағы бұл үй ұзақ жылдардан бері демеушілердің қайырымдылық қаражатымен өмір сүріп келді. Ескі ғимаратқа жөндеу жұмыстары қажет-ақ болатын. Оны Қазақстан Республикасының Қызыл ай қоғамы қоғамдық бірлестігінің Теміртау қалалық филиалының басшысы халықаралық қорлар арқылы шешуді жөн деп, арнайы бағдарламаларға қатысқан-ды.



Ізденіс нәтижесіз болмады, былтыр еліміздегі Жапон елшілігінің „Көк тамыры,, атты қайтарымсыз көмек беретін бағдарламасы құрылыс-жөндеу жұмыстарына қомақты қаржы, нақты айтқанда 80 405 АҚШ долларын бөлді. Бұл қаржыға қайырымдылық үйі түгелдей жөндеуден өтіп, жаңарып, жаңа кейіпке енді. Өткен 2014 жылдың жазынан күзіне дейін жасалған жөндеу жұмыстарына мұндағы тұрғындардың да көңілдері толып, өз ризашылықтарын білдіруде.

- Менің жасым сексенге жақындады, балаларым Ресейде, тым сирек келеді. Қартайған шағымда жалғыз қаламын


әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру үшін, жалпы алғанда қарапайым халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қайтарымсыз қаражатпен берілетін көмек. Күні бүгінге дейін Қазақстанда осындай 75 жоба жүзеге асырылып үлгерді, соның қатарында Теміртауда үш жобаны айтуға болады. Алғашқысы тұрмыста қиыншылық көрген аналар үйін салу болса, екіншісі СПИД орталығына берілген көмек. Ал үшіншісі осы қайырымдылық үйі болып отыр. Мұндағы жөндеу жұмыстарының тиянақты атқарылғанын көзіммен көріп, көңілім толды,- дейді еліміздегі Жапон елшісі Камохара Масаеси мырза.

Қайырымдылық үйінің жөндеу жұмыстарын „Крипт,, фирмасы жүзеге асырған. Елшімен бірге мұнда қала әкімі Ғалым Әшімов пен мәслихат хатшысы Василий Свиридов, әкім орынбасары Шолпан Мырзақасымова да келіп, жағдаймен танысты.

Қазақстан Республикасының Қызыл ай қоғамы қоғамдық бірлестігінің Теміртау қалалық филиалының директоры Олег Куриной қонақтарды өзі қарсы алып, әрбір бөлмені аралатып, көрсетіп, мән-жаймен таныстырды. Қала әкімі Ғалым Әбіханұлы мұндағы қарттарды қала және қарттар күнімен шын жүректен құттықтап, тәтті қораптарын сыйға тартты және Жапония мемлекетінің елшісіне де алғыс айтып, естелікке сыйкәде тарту етті. Осы ретте біздің тіліміздің ұшына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың „Бүгінгі адам, өрине, біздің ата-бабаларымызға қарағанда анағұрлым білімді, алайда, сонымен бірге анағұрлым салғырт, әсершіл және штамп пен ұрандар аясында ойлауға бейім,, деген сөзі оралды. Үлкенге құрмет көрсететін қалпымыздан айнамай, қарт ата-ананы мемлекет қамқорлығында қалдырмай, бағып-күту-перзенттің мойынындағы азаматтық парызы екенін ұмытпағанымыз абзал.

Руза АЛДАШЕВА





Әлем назарында

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас ассамблеясының 70-сессиясының жалпы дебатында сөйлеген сөзі

Құрметті Төраға мырза!
Құрметті Бас хатшы мырза!
Құрметті әріптестер!
Ханымдар мен мырзалар!

Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдық мерейтойы тұсында бұл ұйымның негізін қалаушылар оған қандай терең мағына бергені жөнінде ой бөлісу маңызды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қазірдің өзінде жаһандық тұрғыдан тарихи мәні бар міндеттерді орындады.

Біріншіден, планетамызда адамдар жетпіс жыл бойы дүниежүзілік соғыссыз өмір сүріп келеді.

Екіншіден, әлемде аса ауқымды отарсыздандыру жүзеге асырылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымын 70 жыл бұрын елу бір мемлекет құрды. Ол кезде әлемнің көп бөлігін колониялар мен тәуелді аймақтар алып жатты.

Бүгінде әлемдік қоғамдастықта 193 тәуелсіз ел бар.

Үшіншіден, Біріккен Ұлттар Ұйымы күн сайынғы, қиын, бірақ қауіпсіздік пен даму үшін баршаға қажетті ұнқатысудың бүкіл-әлемдік мінберіне айналды.

Адамзат одан өзінің әралуандықтағы бірлігін, біздің ғажап бірегей планетамыздың тағдырына қатыстылығының ортақтығын сезінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының негізін салушылар алдағы алыс болашаққа ой көзімен қарай білді.

Әлем бүгінде олардың бастамалары мен орындалған арманының жемісін көріп отыр.

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан халықаралық қатынастардағы өзара сенімді қалпына келтіруге, халықаралық құқықтың негізінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайды.

Жетпіс жыл бойы әлемдік қоғамдастық әскери қақтығыстарды ақылға қонымды шешудің түйінін табуға тырысып келеді.

Бірақ қақтығыстар азаяр емес.

Олар кейбір елдерде мемлекеттілікті күйретудің салдарынан шектен шыққан халықаралық терроризмге ұласуда.

Адамзат соғыстардың алдын алу және қақтығыстардың салдарын еңсерудің ескірген тәсілдерінен оларды мән-мағынасыз ететін жаңа даму стратегиясына өтуге тиіс.

Ол үшін алыстағы болашаққа батыл көз салып, Біріккен Ұлттар Ұйымына 100 жыл толатын кездегі әлемнің қандай болатынын көре білуіміз керек.

Мен Жер бетіндегі өркениет таяудағы отыз жылда соғыстар мен қақтығыстардың шиеленген түйінін даналықпен тарқату үшін күш-жігер таба алатынына сенімдімін.

XXI ғасырда адамзаттың ең басты міндеті әлемді соғыс қатерінен мүлде арылтатын және оның себептерін жоятын стратегияны жүзеге асыру болуға тиіс.

Сол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жүз жылдығына Жаһандық Стратегиялық Ба-стама - 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынамын.

Оның мәні - барлық ұлттардың әлемдік инфрақұрылымға, ресурстарға және нарықтарға қол жеткізуінің әділ шарттары негізінде әлемдік дамудың жаңа трендін қалыптастыру, сондай-ақ адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру.

БІРІНШІ. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму Кеңесіне айналдыруды ұсынамын.

Оның құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сайлаған мүше мемлекеттермен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің барлық басшылары, соның ішінде Халықаралық валюта қорының да басшылары ене алар еді. Кеңеске Жаһандық экономикалық реттеушінің міндеттері жүктелуге тиіс.

Кеңес жүзеге асыратын бүкіләлемдік жобалар жаһандық экономикалық өсім нүктелеріне айнала алады.

Бұл жаһандық дағдарыстар қатерін айтарлықтай азайтуға, сондай-ақ мемлекеттердің ұлттық экономика және әлеуметтік саясат мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге септігін тигізеді.

Жобасы Астана Экономикалық форумы аясында қызу талқыланып келе жатқан Дағдарысқа қарсы дүниежүзілік жоспар идеясы өте өзекті болып көрінеді.

Әлемді алаңдатып отырған маңызды мәселелер - терроризм, мемлекеттердің күйреуі, көші-қон және өзге де келеңсіз құбылыстар экономикалық дағдарыстың, кедейшіліктің, сауатсыздық пен жұмыссыздықтың салдарлары болып табылады.

Жаһандық дағдарыспен күресті қазіргі кезде заңдылық, демократиялылық, бәсекелестік, тиімділік және халықаралық бақылау ұстанымдарына сай келмей отырған эмиссия мен әлемнің резервтік валюталары айналымын реттеуден бастау қажет.

XXI ғасырда әлемге сапалық тұрғыдан жаңа қаржы құралдары керек.

Жаһандық орнықты даму мен өсіп-өркендеудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін ұлт үстілік әлемдік валюта әзірлеу бағытындағы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің күш-жігерін біріктіру қажет.

ЕКІНШІ. Хиросима мен Нагасакиді атом қаруымен бомбалаудан соң 70 жыл өткенде ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың XXI ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдауды ұсынамын.

Қазақстан - ядролық полигонды жапқан және ауқымы жағынан төртінші ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел.

Ядролық қарусыз аймақты әлемнің өзге өңірлерінде, соның ішінде Таяу Шығыста да құрған жөн.

Ядролық державалар ядролық қаруға иелік етуден бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік беруге тиіс.

Біз Иран ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздердің екі раундын 2013 жылы Алматыда өткізуге бастамашы болдық.

Иран ядролық бағдарламасы бойынша жалпыны қамтитын іс-қимыл жоспарына қол қойылуын қоштаймыз.

Қазіргі таңда мемлекеттердің бейбіт мақсатта қолданылатын атомға және ядролық отынға кемсітудің қол жеткізу құқығын кепілдендіру қажет.

Нақ осы себепті біз Қазақстанда МАГАТЭ-нің Халықаралық аз байытылған уран банкі құру туралы келісімді қолдап, қол қойдық.

Бұл - жаһандық ауқымдағы оқиға.

Әлем оны атомды қауіпсіз әрі бейбіт мақсатта қолданудың маңызды қадамы ретінде бағалауға тиіс.

Сонда атом энергетикасын дамытқысы келетін елдер үшін уранды өздері байытудың еш қажеттілігі болмайды.

Жаһандық антиядролық қозғалыс құру маңызды міндет болып отыр.

Жер бетіндегі әрбір адам ядролық сынақтарға тыйым салу ісіне өз үлесін қоса алады және солай болуға тиіс.



ҮШІНШІ. Халықаралық құқықтың қадірінің азаюы мен жаһандық институттар рөлінің әлсіреуі қауіпті сын-қатер болып отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы дүниежүзілік соғыстар мен әскери қақтығыстардың миллиондаған құрбандарының қанымен жазылғанын ұмытпау маңызды.

Оның баптарының, әсіресе, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі баптарының қандай да бір бұзылуы адамзатты өткеннің қасіретті қателігін қайталауға ұрындырады.

Санкцияларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін әрекет ретінде бағалап, олардың өз бетімен қолданылуын болдырмау қажет.

Миллиондаған адамдардың игілігіне әсер ететін халықаралық санкциялар қолдану құқығы Қауіпсіздік Кеңесінің ерекше құзырында болуға тиіс деп сенемін.

Бұл қағидаттарды сақтамау қазіргі әлемдік тәртіптің негіздерін ыдыратады, «қырғи-қабақ соғыстың» сарқыншағына айналады.

Әмбебап ұйым ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымын алмастыра алатын балама жоқ екенін атап айтқым келеді.

Елдердің өздерінің халықаралық міндеттемелерін орындауы қазіргі әлемдік тәртіптің ең басты мәселесі болып қала береді.

Қазақстан Украина дағдарысын бейбіт жолмен реттеуді және Минск келісімін қақтығысушы тараптардың толық орындауын дәйекті түрде жақтап келеді.

Қазір барлық күш-жігерді халықаралық қатынастарда ұнқатысуды, өзара түсіністікті және сенімді қалпына келтіруге жұмылдыру керек.

Сол үшін 2016 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарын бекітуге арналған жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыруды ұсынамын.

ТӨРТІНШІ. Терроризм мен діни экстремизмнің қауіпі жаһандық ауқымға жайылып барады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құруды ұсынамын.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризммен күрес жөніндегі мәселенің бәрін қамтитын құжатын әзірлеп, қабылдау қажет.

БЕСІНШІ. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Баршаға арналған тұрақты энергетика» бастамасын қолдау үшін Астанада 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен бүкіләлемдік көрме өтеді.

Барлық мемлекеттерді көрмені дайындауға және өткізуге қатысуға шақырамыз.

Болашақты ескеріп, «ЭКСПО-2017» көрмесі инфрақұрылымы негізінде Астанадан Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдауымен Жасыл технологияларды және инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі халықаралық орталық ашуды ұсынамын.

Құрметті әріптестер!

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен «Жаңа Болашақ» (NEW FUTURE) концепциясын әзірлеу Жаһандық Стратегиялық Бастама - 2045 жоспарын жүзеге асырудың алғашқы қадамы болар еді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 70 жыл өткеннен кейінгі адамзат дамуындағы жаңа кезеңнің міндеттерін нақты айқындау қажет.

NEW FUTURE дегеніміз - ядролық, энергетикалық, су және азық-түлік қауіпсіздігі, сенім, өзара түсіністік және реформалар.

Қазақстан Еуразия өңіріндегі қақтығысушы тараптарды бітістіру үшін араағайындық жасауға күш салып келеді және күш сала бермек.

Аталған бағыттар мен қағидаттар Қазақстанның 2017-18 жылдарда Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлану науқанына арқау болып отыр.

70-інші сессияға қатысушылардың барлығын біздің еліміздің кандидатурасын қолдауға шақырамын.

Ханымдар мен мырзалар!

70 жыл бұрын Женевада, жұмыс істеуден қалған Ұлттар Лигасының орнына Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған кезде оның штаб-пәтерін Нью-Йоркте орналастыруға шешім қабылданды.

Бұл сол кезеңде халықаралық қатынастар бойынша Батыс Жарты шарының ролі артқандығына байланысты болған еді.

Әлемді дамыту орталығы Көрі құрлықтан Жаңа құрлыққа, Еуропадан жаһандық өрлеудің жаңа орны - АҚШ-қа, Нью-Йоркке ауысты.

Содан бері көп нәрсе өзгерді, әлем өзгеше қалыптасты.


XXI ғасырда даму орталығы әлемнің ең үлкен континенті - ғаламшар тұрғындарының үштен екісі мекендейтін, ірі ресурстар шоғырланған Азияға қарай ойысады.

Азияның дамып келе жатқан экономикаларының қуатты серпіні жаһандық үдерістердің жаңа сипатын танытып отыр.

Осы үдерісті ескере отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына жаңа серпін беру үшін бұл тарихи мүмкіндікті пайдаланудың маңызы зор.

Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерін Азияға көшіру мәселесін ойластыруды ұсынамын.

Қазақстанның бастамаларын ұлттар қауымдастығы қабылдайды деп үміттенемін. Назарларыңызға рахмет!



жавалар өздерінің ағымдық алауыздықтарынан жоғары тұра алды. Бүгінгі күні де біз олар барша адамзат өркениетіне күрделі қатер төндіретін лаңкестікке қарсы күресте біріге алатындығына үміт артамыз», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

АҚШ Президентімен кездесуде келелі ойлар қозғалды

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сейсенбі күні Нью-Йоркте АҚШ Президенті Барак Обамамен кездесті.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Барак Обама өңір дамуы тұрақтылығы мен қауіпсіздігіндегі Қазақстан мен АҚШ әріптестігінің маңызын атап өтті.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономика, инвестиция және отын-энергетика салаларындағы ынтымақтастықты нығайту жолдарын талқылады.

Сонымен қатар, Қазақстан мен АҚШ көшбасшылары күн тәртібіндегі халықаралық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Барак Обама Қазақстан мен Американың серіктестігі өңірдің дамуын, тұрақтылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін маңызды екенін атап өтті.

Барак Обама өзінің президенттігі кезінде АҚШ пен Ресейдің арасындағы қалыпты қарым-қатынасты қалыптастырып кеткісі келеді. Бұл туралы Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясы аясындағы Зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы күрес жөніндегі саммиті барысындағы брифингінде мәлімдеді.

«Маған Ресей президенті мен Құрама Штаттар президентінің кездесіп, өткір мәселелерді талқылағаны ұнайды. Обама мырза мені өздерінің Украина мәселелері, Сирия мәселелері бойынша жүргізген әңгімелерінің қорытындысымен таныстырды. Әңгімеміз барынша ашық болды, деді ол. Қалай дегенде де, маған Обама мырзаның айтқанындай, кездесудегі ашық, адал жүрген әңгімеге риза болған. Ол: «Мен Ресейдің позициясын түсіне бастадым, енді біз бірге жұмыс жасайтын боламыз», – деді. Оның президенттік уақытының аяқталуына бір жарым жыл қалды, осы аралықта Құрама Штаттардың Ресеймен қалыпты қарым-қатынас орнатуға күш салатыны мен үшін қуанышты», – деді Назарбаев.

БҰҰ штаб-пәтерін Астанаға да көшіруге болады

Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерін Астанаға да көшіруге болады. Қазақстан журналистеріне сұхбат берген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осылай деді.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысының шақыруымен мен ұйымның 70 жылдығына арналған саммитіне қатыстым. Негізгі сессияда, пікірталастар барысында Қазақстанның барлық саяси және экономикалық мәселелердегі ұстанымын айттым. Мұнан бөлек, тағы 2 саммитке қатыстым. Оның бірі – экстремизммен, лаңкестікпен күрес мәселелері жөнінде, екіншісінде 2015-2030 жылдар кезеңіне арналған БҰҰ бағдарламасы бекітілді. Барлық үш талқылауға қатыстым. Мұнан бөлек, көптеген елдердің басшыларымен кездесу мүмкіндігі болды. Оның ішінде қазір ғана мен Америка президенті Барак Обамамен сұхбаттастым», – деді Елбасы.

Әлем назарында

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзі мен онда айтылған ұсыныс-пікірлері шетелдік саясаткерлер мен сарапшылар назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Елбасы сөзін аяқтап болған бойда әлемнің көптеген елдерінің бұқаралық ақпарат құралдары күн тәртібіндегі мәселелерге орай онда көтерілген ұсыныстар мен білдірілген пікірлер жөнінде ақпарлар тарата бастады. Біз бүгін солардың бірқатарына кезек бергелі отырмыз.

Жаңа әлемдік валюта жаңаша дамуға серпін береді

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Бас Ассамблеяда сөйлеген сөзінің барысында БҰҰ-ға мүше мемлекеттер өздерінің күш-жігерлерін ұлттыққа жатпайтын бүкіл ғаламдық жаңа валюта жасау үшін жұмылдырулары керек екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл қадам кең ауқымды тұрақты даму мен гүлденудің мақсаттарымен және міндеттерімен ұштастырыла жасалуы тиіс.

Қазақстан лидері негізгі идеясы барлық халықтар ғаламдық инфрақұрылымға, ресурстар мен рыноктарға тең дәрежедегі қолжетімділікке жеткен кезде қолданылатын «әділдік жағдайындағы» жаңа әлемдік даму тенденциясын іске қосу болып табылатын 2045 жылға дейінгі кең ауқымды стратегиялық жоспарды талдап жасауға шақырды.

Назарбаев БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму кеңесі етіп қайта құруды ұсынды. Оның айтуынша, сонда кеңес жұмысына БҰҰ-ға мүше мемлекеттер, БҰҰ-ның барлық арнайы агенттіктерінің жетекшілері, сондай-ақ Халықаралық валюта қоры қатыса алар еді. Қазақстан Президентінің пікірінше, бұл кеңес кіріспесінде бүкіл әлемдегі экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған кең ауқымды жобаларды экономикалық жағынан реттегіш бола алады.

Оның айтуынша, бұл қадам ғаламдық дағдарыстар тәуекелін айтарлықтай азайтуға септігін тигізеді, мемлекеттердің өз ұлттық экономикалық және әлеуметтік стратегияларын жүзеге асыруларына көмектеседі.

Үлкен Еуразия идеясы төңірегіне топтасу келешек үшін керек

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ саммитінде сөйлеген сөзінде елдерді Үлкен Еуразия идеясы төңірегіне бірігуге шақырды. Ол сондай-ақ республиканың кең ауқымды даму ісіне барлық күш-жігері мен ресурстарын жұмсайтынын мәлімдеді.

БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі саммиті барысында кездесуге қатысушылар 2015 жылға дейінгі дамудың негізгі мақсаттары мен міндеттері түсірілген Мыңжылдықтар Декларациясын орындаудың нәтижелерін талқылады.

Жиналғандар алдында сөз сөйлеген Қазақстан Президенті онда елдің Мыңжылдықтар дамуының сегіз мақсатын жүзеге асыру бағытында айтарлықтай табыстарға жеткенін атап өтті. Назарбаев соның ішінде Қазақстанның мемлекеттілік негіздерін нығайтып, азаматтық қоғам дамуының шарттарын жасап шыққанына назар аударды. Бұдан басқа, республиканың жалпы ішкі өнімі 19 есеге өсіп, жан басына шаққандағы табыс 13 мың долларға жетті. Мемлекет басшысы сондай-ақ денсаулық саласындағы оң көрсеткіштерді атап көрсетті: қазақстандықтардың орташа жас ұзақтығы 71-ден асып түсті, кедейлік 11 есеге азайып, 34 пайыздан 3 пайызға төмендеді, бала мен ана өлімі 65 пайызға дейін кеміді, СПИД, безгек және екпе ауруларымен күресте атап айтарлықтай жетістікке қол жетті.

Қазақстан Президенті республиканың парникті газдың ауаға тарату көлемін қысқартып, планетаның биологиялық әркелкілігін

Елбасы сөзін жаһан жұрты жылы қабылдауда



сақтауға атсалысып келе жатқанын айрықша атап өтті. «Біз «жасыл» экономикаға көшудің ұлттық тұжырымдамасын бекіттік. Жойылып бара жатқан Арал теңізі тек біздің аймаққа ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемге қауіп төндіреді. Оның құрғауы салдарынан жыл сайын 75 миллион тоннаға дейінгі шаң-тозаң мен улы тұз ауаға көтеріледі. Олардың іздері қазір Еуропа мен Антарктидадан да табылып жатыр. Бізге Бүкіләлемдік банктің қолдауымен Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтірудің ойы келді. Біз бұрынғы Семей ядролық полигоны аймағының залалын жою БҰҰ-мен және халықаралық қоғамдастықпен белсенді жұмыс жасасып келеміз. Орталық Азия елдері аймақтағы аталған экологиялық апатпен күрес үшін жәрдем күтеді», – деді Мемлекет басшысы.

Назарбаев жиналғандар назарын Қазақстанның біздің планетамыздың дамуы жөніндегі кең ауқымды құжатты қолдайтынына аударды. «Тұрақты даму мақсатын қабылдау ел және әлем халықтары үшін бұрылысты кезеңнің орын алатын кезін білдіріп отырады. Біздің саммитіміздің қорытынды құжаты шын мәнінде Жердің дамуы мен гүлденуінің кең ауқымды жолбасшысы болып табылады. Мақсаттарды жүзеге асырудағы негізгі жауапкершілік ұлттық үкіметтерге жүктеледі», – деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы БҰҰ-ның жаңа құжаты мақсаттары мен бағыттарының Қазақстанның басыңқы бағыттары мен міндеттеріне толық сәйкес келетінін атап өтті.

«Мақсаты республиканы әлемнің үздік дамыған 30 елінің қатарына енгізу болып табылатын «Қазақстан-2050» Стратегиясы біздің қазіргі заманғы шақыруларға берген жауабымыз іспеттес. Біз бұл күндері «Бес институттық реформа. Ұлт жоспарын» жүзеге асырып жатырмыз. Ол мемлекеттік аппараты жаңғыртуға, азаматтық және құқықтық институттар жұмыстарын жетілдіруге, экономиканы одан әрі индустрияландыруға бағытталған.

Ұлы Жібек жолы экономикасын қазіргі заманғы деңгейде жаңғырту Еуразия елдері үшін маңызды болып табылады. Бұл Азия-Тынық мұхит аймағының Еуропаға транзиті жолын қысқарту арқылы көптеген елдердің игілігіне қызмет етеді. Біз оның енді инфрақұрылымын жасап, Тынық мұхит пен Еуропаны және Таяу Шығысты жалғастыратын темір жолдар мен автомобиль трассаларын салып жатырмыз», – деді Назарбаев.

Назарбаев БҰҰ-ға мүше елдерге жыл сайын қорғаныс бюджетінің 1 пайызын БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі арнайы қорына аударып тұруды ұсынды.

Назарбаев Нью-Йоркке БҰҰ Бас Ассамблеясы 70-сессиясының жұмысына қатысу үшін келді. БҰҰ саммиті барысында 2015 жылдан кейінгі кезеңдегі даму саласы турасындағы күн тәртібі бойынша

сөйлеген сөзінде ол әртүрлі елдердің даму деңгейлерінің біркелкі емес екеніне тоқталды. «Кереғар көріністер Таяу Шығыс, Африка және Азия елдеріндегі жанжалдар салдарынан одан бетер тереңдей түсуде. Қазіргі көші-қон дағдарысы тек соғыс қимылдарымен ғана байланысты емес, ол сонымен қатар даму тепе-теңдігінің болмауынан да туындап отыр. XXI ғасыр мемлекеттердің табысты болғанын олардағы қару-жарақ қорының көптігінен емес, елдердің озық ойларды жүзеге асыру қабілеттері мен өзіне жұртты тарту кеңістігін жасай алуынан көрінеді», – деді Назарбаев саммитте. «Стокгольмнің әлем проблемаларын зерттеу институтының дерегіне сәйкес, 2014 жылы барлық мемлекеттер әскери шығындарының жиынтық мөлшері 1,7 триллион долларды құраған немесе әлемдік жалпы ішкі өнімнің 2,3 пайызына тең болған», – дегенді қосты бұған Назарбаев. Осыған байланысты Қазақстан лидері жыл сайын әрбір мемлекеттің өз қорғаныс бюджетінің 1 пайыздық мөлшерін БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаты үшін құрған арнайы қорына аударып тұруы жөнінде ұсыныс білдірді.

Қазақстан Президенті бүгінгі күнгі шаралардың баршаға ортақ болашақ үшін бірігуге үлкен мүмкіндіктер беретінін атап өтті. «Біздің қолымыздан келетіні – адамдардың үміттерін қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен түрлі шақыруларға соқтықтырып, құртып алмау», – деп сөзін қорытып ол.

Лаңкестерге қарсы күрестің өз ережесі болуы тиіс Әлемге лаңкестер мен экстремистерге қарсы іс-қимылдың әмбебап әрі міндетті ережелері қажет. Бұл туралы БҰҰ Бас Ассамблеясы аясындағы Зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы күрес жөніндегі саммитінде сөз сөйлеген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мәлімдеді.

«Әлемге лаңкестер мен экстремистерге қарсы іс-қимылдың барлық мемлекеттер үшін әмбебап әрі

міндетті нормалары мен ережелері қажет. БҰҰ аясында экстремистік және лаңкестік құрылымдар түсінігін біріздендіру, оларды әлемдік заңнан тысқары деп жариялау құқығын тек Қауіпсіздік кеңесіне беру керек. Лаңкестік ұйымдардың бірыңғай тізбесін құру маңызды», – деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы халықаралық лаңкестік пен экстремизм қылмыстарына қатысы бар тұлғаларды іздеу және экстрадициялаудың бірыңғай механизмі қажет екендігін атап өтті. Оларға қолдау көрсететіндерге қатысты дәл сондай қатаң санкция қолданылатындығын нақты бекіту керектігін баса айтты.

«Зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы іс-қимылда тек оның салдарымен ғана күреспей оның бастапқы себептерін жою

қажет», – деді Мемлекет басшысы. Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде әлем елдері өздерінің біріккен күш-жігерін жұмсауы тиісті бірқатар бағытты атады. «Біріншіден, терроризмді жаһандық қатер ретінде тану қажет. БҰҰ-ның лаңкестікке қарсы коалициясын құру, Зорлық-зомбылық экстремизмі мен лаңкестік қылмыстарын жасауға қатысы бар тұлғаларды іздеу, ұстау және эстрадациялау іс-қимылының бірыңғай тетігін әзірлеу керек», – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Екіншіден, Қазақстан Президенті БҰҰ аясында Зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы тұруға бағытталған барлық қарарлар мен шешімдерді ұсыныс сипатынан міндеттейтін сипатқа көшіру қажеттігін баса айтты.

«Олар Қауіпсіздік Кеңесі деңгейінде қаралып, бекітілуі тиіс. 2006 жылы қабылданған БҰҰ-ның террорға қарсы Жаһандық стратегиясының негізгі ережелерін Қауіпсіздік Кеңесінің қарарымен бекіту қажет», – деді ол. «Вашингтон мен Мәскеу адамзат өркениетіне қауіп төндіретін лаңкестікке қарсы күресте біріге алатындығына үміт артамыз», – деді келесі кезекте Қазақстан басшысы.

«Зорлық-зомбылық экстремизмі халықаралық лаңкестіктің өсіміне себепші бола отырып, әлемдегі барынша қатерлі қауіптің біріне айналды. Біздерге жаңа әлемдік бәтуаластық қажет. Мемлекет саяси ерік-жігер танытып, ортақ қауіп-қатерге қарсы күш біріктіруі тиіс. Әлем мұны Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жасай алған еді», – деді Президент.

Елбасы әлем елдері өздерінің бірлігін 2011 жылдың 11 қыркүйегінен кейін паш еткенін, 2013 жылы Сириядағы химиялық қару-жарақты жою жөнінде ынтымақтастыққа уағдаласқан Вашингтон мен Мәскеудің жаһандық жауапкершілігіне куә болғанын атап өтті.

«Биылғы жылдың шілдесінде Иранның ядролық бағдарламасы бойынша тағдырлы келісімге қол жеткізілді. Жетекші дер-

5 қазан, дүйсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
09.45 Апта
10.50 Сырғалым
11.45 Серпіліс
12.35 Баламен бетпе-бет
13.00 «Бірге таңдаймыз»
14.10 Жүзден жүйрік
14.35 Мультсериал
15.00 «Әйел бақыты»
16.10 «Жүрегім сізге аманат» Т/с
17.00,05.00 Менің Қазақстаным!
17.30,19.30,23.35,00.10 Жаңалықтар
17.50 М/с «Білгіштер»
18.05 «Қызыл сарайдағы түс»
19.05,02.05 Тарих толқынында
20.15 Айтуға оңай...
21.00 Жарық
22.00 Т/с «Келін»
23.00, 02.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
23.35 «Көңілашар»
00.55 Спорт
01.20 «Көкпар»
03.45 Көк тарландары
04.30 Ақсайыт

ХАБАР

07.00 Білгенге маржан
08.00,09.00 Жаңа күн
10.00 Жеті күн
11.00, 01.15 Драма «Әр үйдің сыры басқа»
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
12.25 М/с «Маша и медведь»
12.35 М/с «Джейк и пираты Нетландии»
13.00, 17.00, 20.00, 00.15, 01.50,02.50 Жаңалықтар
13.15 Д/ф «Семейные мелодрамы»
14.05 Т/с «Женский доктор»
15.00,18.00 Новости
15.15 Бұйымтай
16.00 Драма «Өмір сабақтары»
16.30 Т/с «Достық жәрмеңкесі»
17.15 Т/с «Болашағым өз қолымда»
18.15 Т/с «Сұрбойдақ»
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.00,00.45,02.20 Итоги дня
21.30 Т/с «Махаббатым жүрегімде-2»
22.10 Т/с «След»
23.00 Көзқарас
23.30 Жекпе-жек

ЕУРАЗИЯ

06.00 Жить здорово
06.50 Жаңалықтар субтитрлермен
07.00 «Доброе утро»
11.00 Х/ф «Пятницкий»
12.00, 20.40 Т/с «Сүйген жар»
12.55 «Әйел сыры...»
14.00, 22.20 Т/с «Джодха және Акбар»
15.00, 23.25, 02.15 П@УТИНА
15.20, 23.50 «Х FACTOR»
15.30 Судебные истории
16.30 «Давай поженимся»
17.40 Пусть говорят
18.55 Т/с «Принц Сибири»
20.00 Новости
21.40 Басты жаңалықтар
00.00 Телесериал
02.35 Модный приговор
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30, 07.35,09.10 Таңертеңгілік «+5-арнада»
06.30, 20.40 Вести-Россия
06.40,07.15,08.50 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50, 14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00 Репортаж недели
08.15 Аймақ жаңалықтары
08.25 «Наши дети»
08.30 Время творить
13.00 Вести-недели
14.45 «Жақсылардан ғибрат»
15.05, 02.30 Деректі фильм
16.15 «Диалоги о животных»
17.10 «Сам себе режиссер»
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV - ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30, 21.35 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.30, 22.30 P.S
21.00 «Будем здоровы»
21.15 Военная прогамма
22.50 Х/ф «Мой путь»
01.00 Әуенді Қазақстан»

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00 Апта
08.00,11.00,21.50,23.00 Реклама
08.05, 13.30 Әсем әуен
08.50 Т/с «Галина»
09.45 М/ф «Білгіштер»
11.05 «Арнадым саған...»
11.40 Қуырмаш
12.00 Т/с «Өмір өткелдері»
12.45 М/ф «Лупдиду»
13.00,17.50,20.00,22.00 Жаңалықтар-Новости
13.20,18.50 Ближе к делу
18.30 «2050»
19.00 «Обсудим»
19.30 Патриоттық әндер
19.40 «Тарих тағылымы»
20.00 «Мәңгілік ел»
21.30 Д/ф «Қазақстан»
22.45, 22.45 Уақыт.kz
23.10 Т/с «Үй болу қиын»

6 қазан, сейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 Таңшолпан»
10.00,21.00 Жарық
10.50 «Сырғалым»
11.45,21.15 Айтуға оңай...
12.30,23.35 «Көңілашар»
13.00 «Бірге таңдаймыз»
14.10 Жүзден жүйрік
14.35 Мультсериал
15.00 «Әйел бақыты»
16.10 Т/с «Жүрегім сізге аманат»
17.05 Жарқын бейне
17.30,19.30,00.10,03.00 Жаңалықтар
17.50 М/с «Білгіштер»
18.05 Т/с «Қызыл сарайдағы түс»
19.05,01.00 Қылмыс пен жаза
22.00 Т/с «Келін»
23.00, 02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
00.55 Еңбек түбі – береке
01.25 Келбет
01.55 Дауа
03.50 «Көк тарландары»
04.40 Серпіліс

ХАБАР

07.00 Білгенге маржан
08.00,09.00 Жаңа күн
10.00, 13.10, 17.00, 20.00, 00.00,
01.25 Жаңалықтар
10.10, 22.10 Т/с «След»
11.00 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
11.10, 00.10 Драма «Әр үйдің сыры басқа»
11.45 Магия кухни
12.15 Подари детям жизнь
12.20, 21.30 Т/с «Махаббатым жүрегімде-2»
13.00 Экономкласс
13.10 Д/ф «Семейные мелодрамы»
14.10 Т/с «Женский доктор»
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Драма «Өмір сабақтары»
16.30 Т/с «Достық жәрмеңкесі»
17.15 Т/с «Болашағым өз қолымда»
18.15 Т/с «Пәленшеевтер»
19.05 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
23.00 Көзқарас
23.30 Арнайы хабар

ЕУРАЗИЯ

06.00 Жить здорово
06.50, 21.40 Жаңалықтар
07.00 «Доброе утро»
11.00 Х/ф «Пятницкий»
12.00, 20.40 Т/с «Сүйген жар»
13.00 «Ашығын айтқанда»
14.00, 22.20 Т/с «Джодха және Акбар»
15.00, 23.25, 02.15 П@УТИНА
15.20, 23.50 «Х FACTOR»
15.30 Судебные истории
16.30 «Давай поженимся»
17.40 Пусть говорят
18.55 Т/с «Принц Сибири»
20.00 Новости
00.00 Т/с «Гюльчатай 2. Ради любви»
02.35 Модный приговор
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30, 09.10 Таңертеңгілік «+5-арнада»
06.30, 20.40 Вести-Россия
07.00, 19.30, 21.35 Шарайна
07.35, 08.45 «Дәмдес болайық»
07.50, 14.25, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.30,14.00 Аймақ жаңалықтары
08.40 «Наши дети»
13.50,20.30,22.30 P.S
14.10 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.00 «Сау болайық»
16.10 Т/с «Непридуманная жизнь»
17.00 Шындықты іздеу жолында
18.10 5-арнадағы ән-әуен
18.40 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.05 «По диким местам»
22.50 Х/ф
00.30 Әуенді Қазақстан
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00,13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45, 11.00, 21.50, 23.00 Реклама
07.50, 13.20 Әсем әуен
08.50 Т/с «Галина»
09.45 Ближе к делу
10.45, 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.05 «Обсудим»
11.35 «Тарих тағлымы»
12.00 Т/с «Өмір өткелдері»
12.45 М/ф «Лупдиду»
18.30 100 шагов
18.50 «Мәңгілік мұра»
19.00 «Ас болсын!»
19.30 Дін мен дәстүр
19.50 Бейнеклип
21.00 Т/с «Крапленный»
23.10 Кино «Үй болу қиын»

7 қазан, сәрсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.00 Жарық
10.50 Сырғалым
11.45,20.15 Айтуға оңай...
12.30,23.35 «Көңілашар»
13.00 «Бірге таңдаймыз...»
14.10 Жүзден жүйрік
14.35 М/с «Құтқарушы күшіктер»
15.00 «Әйел бақыты»
16.10 «Жүрегім сізге аманат» Т/с
17.05 Спорт
17.30,19.30,23.35,03.00 Жаңалықтар
17.50 М/с «Білгіштер»
18.05 «Қызыл сарайдағы түс»
19.05,01.00 Журналисттік зерттеу
22.00 Т/с «Келін»
23.00, 02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
00.55 Еңбек түбі – береке
01.25 Поэзия әлемі
01.55 «Ақсауыт»
03.45 «Көк тарландары»
04.30 Қылмыс пен жаза
04.55 Келбет

ХАБАР

07.00 Білгенге маржан
08.00 Жаңа күн
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.00, 01.25 Жаңалықтар
10.10, 22.10 Т/с «След»
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
11.10, 01.00 Драма «Әр үйдің сыры басқа»
11.45 Магия кухни
12.15 Подари детям жизнь
12.20,21.30 Т/с «Махаббатым жүрегімде-2»
13.10 Д/ф «Семейные мелодрамы»
14.00 Т/с «Женский доктор»
15.15, 19.05 Біздің үй
16.00 Драма «Өмір сабақтары»
16.30 Т/с «Достық жәрмеңкесі»
17.15 Т/с «Болашағым өз қолымда»
18.15 Т/с «Пәленшеевтер»
20.30 100 бизнес тарихы
21.00,00.30 Итоги дня
23.00 Көзқарас
23.30 Бюро расследований

ЕУРАЗИЯ

06.00 Жить здорово
06.50, 21.40 Жаңалықтар
07.00 «Доброе утро»
11.00 Х/ф «Пятницкий 2»
12.00, 20.40 Т/с «Сүйген жар»
13.00 «Ашығын айтқанда»
14.00, 22.20 Т/с «Джодха және Акбар»
15.00, 23.25, 02.15 П@УТИНА
15.20, 23.50 «Х FACTOR»
15.30 Судебные истории
16.30 «Давай поженимся»
17.40 Пусть говорят
18.55 Т/с «Красивая жизнь»
20.00 Новости
00.00 Т/с «Гюльчатай 2. Ради любви»
02.35 Модный приговор
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30, 09.25 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30, 20.40 Вести-Россия
07.00, 19.30, 21.35 Шарайна
07.35, 09.05 «Дәмдес болайық»
07.50, 14.25, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00 Новости.
08.30,14.00 Аймақ жаңалықтары
08.40 Наши дети
08.45 Время творить
13.50, 20.30, 22.30 P.S
14.10,02.30 Деректі фильм
14.35 «Прямой эфир»
16.10 Т/с «Непридуманная жизнь»
17.00 Азия айнасы
17.45 Моя Караганда
18.10 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
21.05 «По диким местам»
22.50 Х/ф
00.30 Әуенді Қазақстан
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45,11.00, 18.50, 21.50, 23.00 Реклама
07.50, 13.20 Әсем әуен
08.50 Т/с «Галина»
09.45 Ближе к делу
10.45, 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.05 Ас болсын!
11.35 Дін мен дәстүр
12.00 Т/с «Өмір өткелдері»
12.45 М/ф «Лупдиду»
18.30 Это наша с тоюой биография
19.00 Тікелей эфир
19.35 Қуырмаш
21.00 Т/с «Крапленный»
23.10 Кино «Үй болу қиын»

8 қазан, бейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.00 Жарық
10.50 Сырғалым
11.45,20.15 Айтуға оңай...
12.30,23.35 «Көңілашар»
13.00 «Бірге таңдаймыз»
14.10 «Жүзден жүйрік»
14.35 Мультсериал
15.00 «Әйел бақыты»
16.10 «Жүрегім сізге аманат» Т/с
17.05 Д/ф «Қазақ даласының құпиялары»
17.30,19.30,23.35,03.05 Жаңалықтар
17.50 М/с «Білгіштер»
18.05 «Қызыл сарайдағы түс»
19.05,01.20 Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс
22.00 Т/с «Келін»
23.00, 02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев
00.55 Тарих толқынында
01.40 Жан жылуы
02.00,04.35 Агробизнес
03.45 «Көк тарландары»

ХАБАР

07.00 Білгенге маржан
08.00,09.00 Жаңа күн
10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.00, 01.35 Жаңалықтар
10.10, 22.10 Т/с «След»
11.00, 15.00, 18.00, 21.00, 00.30 Новости
11.10,01.00 «Әр үйдің сыры басқа» Драма
11.45 Магия кухни
12.15 Подари детям жизнь
12.20,21.30 Т/с «Махаббатым жүрегімде»
13.10 Д/ф «Семейные мелодрамы»
14.00 Т/с «Женский доктор»
15.15 «Мәңгілік тіл» мерекелік қойылым
16.45 Драма «Қазақстандық Экономикалық Бастамалар»
17.15 Т/с «Болашағым өз қолымда»
18.15 Т/с «Пәленшеевтер»
19.05 Жекпе-жек
20.30 Сильные духом
21.00,00.30 Итоги дня
23.00 Көзқарас
23.30 100 бизнес-тарихы

ЕУРАЗИЯ

06.00 Жить здорово
06.50, 15.30, 21.40 Жаңалықтар
07.00 «Доброе утро»
11.00 Х/ф «Пятницкий»
12.00,20.40 Т/с «Сүйген жар»
13.00 «Ашығын айтқанда»
14.00,22.20 Т/с «Джодха және Акбар»
15.00,23.25,02.15 «Паутина»
15.20,23.50 Х-фактор
15.30 Судебные истории
16.30 Давай поженимся
17.40 Пусть говорят
18.55 Т/с «Красивая жизнь»
00.00 Т/с «Гюльчатай 2. Ради любви»
02.35 Модный приговор
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30,08.35 «Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.30 Вести-Россия
07.00,13.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
07.50,14.25,18.00,22.30 Рекламный Визит
08.00,20.00,22.00 Новости
08.25,14.00 Аймақ жаңалықтары
13.50 P.S
14.10 Азия айнасы
14.35 Прямой эфир
15.40 Будем здоровы
15.50 Жақсылардан ғибрат
16.10 Т/с «Непридуманная жизнь»
17.00 Менің шындығым
18.10 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
21.00 Регион 09
22.40 Х/ф «Собака на сене»
01.00 Әуенді Қазақстан
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45,11.00,18.50,21.50,23.00 Реклама
07.50,13.20 Әсем әуен
08.50 Т/с «Галина»
09.45 М/ф «Білгіштер»
10.45,20.45,22.45 Уақыт.kz
11.05 «Прямой эфир»
11.40 Это наша с тобой биография
12.00 Т/с «Өмір өткелдері»
12.45 М/с «Лупдиду»
18.30 ДАТ
19.00 «Шаңырақ»
19.35 Здорово и модно
21.00 Т/с «Крапленный»
23.10 Кино «Үй болу қиын»

5 қазан - 11 қазан

9 қазан, жұма

ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
10.00 «Жарық»
10.50 Сырғалым
11.50 «Еуразия барысы-2015»
18.45 Еңбек түбі – береке
18.55 Менің Қазақстаным!
19.30,00.10,03.00 Жаңалықтар
20.15 Серпіліс
21.05 «Намыс дода»
22.15 «Келін» Т/с
23.15,02.15 Сіз не дейсіз?
23.50,05.00 Жайдарман
00.55 X/ф «Долана»
02.40 Иман айнасы
03.45 Журналисттік зерттеу
04.05 Жан жылуы
04.25 Ғасырлар үні

ХАБАР

07.02 Білгенге маржан
08.00,09.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.35,02.05 Жаңалықтар
10.10 Т/с «След»
11.00,15.00,18.00 Новости
11.10,01.35 Драма «Өр үйдің сыры басқа»
11.45 «Магия кухни»
12.15 Подари детям жизнь
12.20 «Махаббатым жүрегімде» Т/с
13.10 Д/ф «Семейные мелодрамы»
14.00 Т/с «Женский доктор-2»
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Драма «Өмір сабақтары»
16.30 «Ұлт саулығы»
17.15 Бармысың, бауырым?
18.15 «Пеленшеевтер» Т/с
19.05 Орталық Хабар
20.30 Тур де Хабар
21.00,01.05 Итоги дня
21.30 «Жанды дауыс»
2320 Т/с «Жаным»

ЕУРАЗИЯ

06.00,04.15 Жить здорово
06.50, 21.40 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 X/ф «Пятницкий»
12.00,20.40 Т/с «Сүйген жар»
13.00,02.40 «Ашығын айтқанда»
14.00 Жұма уағызы
14.15,22.20 Т/с «Джодха және Акбар»
15.10,23.25,02.15 Паутина
15.35 Ералаш
15.50 Юбилейный концерт Льва Лещенко
17.25 «Жди меня»
18.40 Поле чудес
23.50 Т/ф «Шутки ангела»
03.25 Модный приговор

5 КАНАЛ

06.30,09.20 «Танертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.55 Вести-Россия
07.00,13.00, 19.30, 21.35 Шарайна
07.35,09.00 «Дәмдес болайық»
07.50,14.25,18.00,22.40 Рекламный Визит
08.25,14.00 Аймақ жаңалықтары
08.35 Наши дети
08.40 Время творить
14.10,02.30 Деректі фильм
14.35 Прямой эфир
16.10 Т/с «Непридуманная жизнь»
17.00 Жастар
17.30 Ғажайып адам
18.10 Ислам: сауалдар мен жауаптар
18.45 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
20.30,22.30 P.S
20.40 Моя Караганда
21.25 Все о государственных доходах
22.50 «Поединок»
00.30 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
07.45,11.00,18.50,21.50,23.00 Реклама
07.50,13.20 Әсем әуен
08.50 Т/с «Галина»
09.45 Мультфильм
10.45,20.45,22.45 Уақыт.кз
11.05 «Шаңырақ»
11.40 «ДАТ»
12.00 Т/с «Өмір өткелдері»
12.45 М/ф «Лупиду»
13.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 Арена
19.00 Арнадым саған...
19.35 ҚЭУ-де кездесейік
19.50 Бейнеклип
21.00 Т/с «Крапленный»
23.10 Кино «Үй болу қиын»

10 қазан, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.00 «Қымызхана»
08.35 Агробизнес
09.00 «Сенбілік ТАҢ»
10.10 Дауа
10.45 Ас болсын
11.25 Мультфильм
11.35 «Білгірлер бәйгесі»
12.30 Поэзия әлемі
13.00 Қазақстан дауысы
14.35 «Жаңа қоныс»
15.50,00.40 X/ф «Махаббат кегі»
17.50 Қара шаңырақ
19.30,00.35,03.00 Жаңалықтар
20.05 Үздік әндер
21.40 Футбол
02.25 Дауа
03.35 «Білгірлер бәйгесі»
04.25 Поэзия әлемі
04.55 Ас болсын!

ХАБАР

07.02 Қалжың қоржыны
08.30 М/с «Динофроз»
09.00 Бармысың, бауырым?
09.40 Продопрнос
10.05 Ұлт саулығы
10.35 М/ф «Малыш и Карлсон»
10.50 Мультфильм
12.05 Кино «Звездная болезнь»
13.30 Орталық Хабар
14.30 Жанды дауыс
16.15 Тур де Хабар
16.45 «Я – чемпион»
17.20 X/ф «Йоринда и Йорингел»
18.30 Ду-думан
19.45 Бенефис-шоу
21.00 «Жеті күн»
22.00 X/ф «Он и она»
23.30 Т/с «Жаным»
01.10 Спектакль «Махаббат дастаны»

ЕУРАЗИЯ

06.00,03.35 Т/с «Ментовские войны 5»
07.50 Таңғы пошта
08.25,14.20 П@УТИНА
08.55, 23.30 Жаңалықтар
09.00 Смак
09.40 X/ф «За чужие грехи»
11.45 «Фабрика грез»
12.10 «Әйел сыры...»
13.20,03.15 «101 кеңес»
13.45 Караоке
14.25 Паутина
15.20 X/ф «В час беды»
20.00 «Первая программа»
20.30 «X FACTOR»
22.00 Кешкі кездесу
23.30 Субботалық жаңалықтар
00.00 X/ф «Прометей»
02.45 Караоке такси

5 КАНАЛ

10.00 Шарайна
10.50 P.S
11.00 Моя Караганда
11.15,02.30 Деректі фильм
11.40 «Нөлден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Тұжырым
13.00 Азия айнасы
13.15, 18.00, 22.25 Рекламный визит
13.25 Планета собак
14.00 «Будем здоровы»
14.15 «Знание – сила»
15.00 Специальный корреспондент
16.45 «Субботний вечер»
18.10 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.00 «Регион 09»
20.30, 22.20 Худ. фильм
00.10 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00,13.00 Жаңалықтар-Новости
10.45, 13.45 Уақыт.kz
11.00, 12.55, 15.55, 17.50, 22.05 Реклама
11.05 Шеберхана
11.25 Мультфильм
12.05 М/ф «Мияның ертегі әлемі»
14.00 Концерт «Арман қала – Астана»
14.35,16.00 X/ф «Сирота»
18.00 Шаңырақ
18.35 Это наша с тобой биография
19.00 «Здорово и модно»
19.20, 20.45 Бейнеклип
19.30 «Дат!»
19.50 «Мәңгілік мұра»
20.00 «Ойталқы»
20.25 100 шагов
21.00 «Сенбес сәуле»
21.25 «Қазақ даласының құпиялары»
00.30 Кино «Мұстафа Шоқай»

11 қазан, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

06.55 Концерт
08.30 «Қымызхана»
09.00 «Ақсауыт»
09.30 «БҮГІН воскресень»
11.05 Балалармен бетпе-бет
11.25 М/с «Саяхатшы Дара»
12.15 Мультфильм
12.35 Концерт «Айгөлек»
13.40 Айтыстан үзінді
14.20 Жарқын бейне
14.55 «Намыс дода»
16.05,01.50 Драма «Ғашықтық хаттар»
17.50 Қара шаңырақ
19.30,04.35 Әзіл әлемі
20.00 АПТА.KZ
21.00 Қазақстан дауысы
22.35 Бокс
01.05 «Көкпар»
03.30 Апта.kz

ХАБАР

07.00 Қалжың қоржыны
08.30 Айбын
09.00, 21.00 «Жеті күн»
10.00 Ас арқау
10.30 «Я – чемпион»
11.05 М/ф «Медведи - соседи»
12.30 X/ф «Спящая красавица»
13.40 Линия судьбы
14.10 Бенефис-шоу
15.20 «Астана дауысы 2015» гала концерті
16.50 Кино «Заветное желание»
18.30 Кызық times
19.45 Ду-думан
21.00 «Жеті күн»
22.00 X/ф «Чингисхан»
00.20 Т/с «Жаным»
01.50 Спектакль «Мәңгілік бала бейне»

ЕУРАЗИЯ


06.00 Сенбілік жаңалықтар
06.25 Суета сует
07.45,04.00 «Ментовские войны 5»
08.30 Жаңалықтар
08.45 Воскресные беседы
09.00 Здоровье
10.10 «Казлото»
10.50 «Виктор Павлов. Между ангелом и бесом»
12.00,23.05 «Ән дария»
13.05 «Кешкі кездесу»
14.35,03.35 Караоке такси
15.05 «X FACTOR»
16.30 Т/с «Вместо нее»
21.00 «Аналитика»
22.00,02.50 П@УТИНА+
00.10 КВН

5 КАНАЛ

10.00 Апта репортажы
10.25 Моя Караганда
10.40 Жақсылардан ғибрат
11.00 Азия айнасы
11.40 Время творить
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.00 Рекламный Визит
12.40 «Сто к одному»
13.30 «Живой звук»
15.15 «Планета собак»
16.00 «Кулинарная звезда»
17.00 Мир православной духовности
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 X/ф «Кровь с молоком»
21.45 «Наши дети»
21.50 «Сау болайық»
22.10 X/ф «От праздника к празднику»
23.50 Әуенді Қазақстан
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.05, 13.50, 15.50, 17.55, 22.05 Реклама
10.10 «Сіз қайда жүрсіз?» А.Әбдіраев
10.20 М/ф «Құтқарушы күшіктер»
11.30 «Ойталқы»
12.00 Худ. фильм
13.30 Күлегеш
14.00 «Тамаша – 35 жыл»
15.40 М/ф «Жерұйық»
16.00 X/ф «Сіз кімсіз, Ка мырза?»
17.35 Д/ф «Тарих толқынында»
18.00 «Ас болсын!»
18.35 Арена
19.00 Апта
20.00 Обсудим
20.35 2050
21.00 Арнадым саған...
21.35 Д/ф «Абай» 4-бөлім
22.10 Кино «Кровные братья»



70 ізгілікті іс

Көгершін ежелден ел арасында бейбітшіл, қасиетті құс саналады. Біздің қалада оны өсірумен әуестенетіндер көп, Теміртаудың 70 жылдық мерейтойы қарсаңында туған қалаға сыйлық ретінде әуесқой құс өсірушілер өздерінің тұңғыш сату көрмесінде бас қосты.


Көгершіндер көрмесі

. Бұл іс-шараға Қазақстанның және Ресейдің бірқатар қалаларынан 60-қа жуық әуесқойлар жиналды. Көгершіннің түрі көп, олардың біразы көпшіліктің қолында бар, ал кейбірі өте сирек кездеседі, бағалары да соған қарай әртүрлі болып келеді.

- Бұл көрме Теміртау қаласының 70 жылдығына арналды. Металлургтер шаһары соғыстан кейін өркендеген, қазіргі күні заманауи даму деңгейіне жеткен үлкен қалалардың бірі. Мұнда тұрғындар тек еңбек етіп, ұрпақ өсіріп, оқу-білім алумен қатар түрлі қызғылықты істермен де әуестенеді. Мен өзім көп жылдардан бері көгершін құсын өсірумен айналысамын. Өйткені бұл құстар ежелден адамға жақын, тіпті бір кездері байланыс құралы ретінде де пайдаланылған. Жалпы, әлем бойынша көгершіндер бейбітшілік таратушы құстар ретінде жоғары бағаланады, - дейді қала тұрғыны А.Задорожний.

Әуесқойлардың айтуынша бұл жолы жәрменкеге көбіне аса қымбат емес көгершіндер әкелінген. Негізі бұны мықтап әуес еткендер құны он-он бес мың долларға дейін тұратын құс тұқымдарын ұстайды екен. Өйткені бұл құс адамның өзіне жақсы көзқараспен күтім жасағанын біледі, сөйтіп, өз тарапынан да адамға жақсы күш-қуат бере алады. Осыны алпыс жылдан бері ермек етіп келе жатқан қала тұрғыны көгершіндер әр отбасы үшін нағыз мереке, жақсы көңіл-күй сыйлай алатын құс деп жоғары бағалайды. Бұл жолғы көрмеге қала тұрғындары көптеп жиналды, әсіресе балалар оның ондаған түрлерін қызықтап, мәз болысты.

Өз тілшімізден



Қаланың құрдастары



Міне, металлургтер шаһарының қала мәртебесін алғанына 70 жыл толып отыр. Осы айтулы мерейтойға орай түрлі танымдық іс-шаралар барлық мекемелер мен ұйымдарда дүркіреп өтті. Осындай айтулы жиынның бірі осы аптада комбинаттың „Нұр Отан„ партия филиалы мен қалалық ардагерлер кеңесінің ұйытқы болуымен көпшілік назарына ұсынылды.

„Теміртау-менің жастығым, менің өмірім,,

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ



Олар жастығын арнаған қала

Қаламен бірге өсіп-өркендеп, осы жылдар аралығында елеулі еңбек еткен ардагерлер арамызда көп-ақ. Әйтсе де, бұл іс-шараның „Қаланың құрдастары„ деп аталуының өз жөні бар, Теміртауда осыдан тура жетпіс жыл бұрын өмірге келіп, бар саналы ғұмырын құрыш қалада өткізген зейнеткерлер арнайы шақырылды.

Бүгінгі таңда қаламызбен іргедегі елді мекендерде туып өскен, еңбек еткен Теміртаудың отызға тарта құрдасы бар екен. Біз олар жөнінде мәлімет жинап, мерейтой қарсаңында шын жүректен құттықтауды жөн көрдік. Осындай қарапайым шара арқылы қаланың қалыптасуы жолында тер төгіп, жастық жігерлерін, күш-қайраттарын Теміртаудың дамуына арнаған адамдарға деген ыстық ықыласымыз бен құрметімізді көрсетуді жөн санадық,- дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова.

Ардагерлер кеңесінің белсенді мүшелері ән мен жырдан шашу шашып, Теміртау мен ардагерлер туралы жорежарды лебіздерін білдірумен басталған жиында „Магнитка„ әдеби бірлестігінің жетекшісі, ардагер ақын Юрий Показанов қаламынан туған жырларын оқып, жиналғандардың

көңілдерін бір желпітіп тастады. Содан соң „Карбид„ өндіріс орнында жұмыс істеп, зейнетке шыққан бір топ Теміртаудың құрдастары сахна төріне шақырылды. Оларға ақ тілектер тілеп, ардагерлер кеңесі естелік сыйлықтар тапсырды. Қаланың құрдастарының құрметіне ардагерлердің „Надежда„ хоры әсем әннен шашу шашты.

Теміртау – ерекше қала, осыдан жетпіс жыл бұрынғы жағдай қандай еді? Соғыстан соңғы қиын кезеңде Теміртаудың Ескі қала, соңқала және шығыс бөлігі секілді үш ауданы ғана болды, сол аралықты барша тұрғындар тек жаяу аралап шығатын, ол кездері қазіргідей қала ішінде қатынайтын автобустар да, трамвай да болған емес. Ең алғашқы қоғамдық көліктің іске қосылғанындағы қуаныш қандай еді?! Қазақстан Магниткасына жолдамамен келген жастар қала өмірін айтарлықтай өзгертті, көптеген әлеуметтік-мәдени нысандар салынып,

пайдалануға берілді. Бұл ретте тұңғыш Президенттің, яғни біздің қаламыздан еңбек жолын бастаған Нұрсұлтан Назарбаевтың қосқан үлесі ерекше екенін атап айтқым келеді. Ол комбинаттың партком хатшысы болып жүрген кезінде Орталық Комитеттің бюросында комбинаттың мәселесі қаралап, жоспардың орындалмай жатқаны сөз болады. Сонда Н.Назарбаев:

–„Иә, бұған біз кінәліміз, бірақ баласы бала бақшаға бармайтын, мектепте үш ауысыммен оқитын маман қалай алаңсыз жұмыс істей алады?„ деп, мәселені төтесінен

қойған болатын. Оның осы сөзінен соң Орталық Комитеттің тікелей тапсырмасымен Теміртауда бала бақшалар мен мектептердің құрылыстары жанданып, көптеп салына бастады, - деп өткен күндерден естелік сыр шертті Нина Тимофеевна.

Мені елеп-ескеріп, осындай айтулы шараға шақырғанына шын көңіліммен қуанып, бір марқайып қалдым. Әйткені мұнда көптен көрмеген таныстарыммен кездесудің, сұхбаттасудың сәті түсіп отыр. Рас, біз бойымыздағы бар біліміміз бен білігімізді сарқып

еңбек етті, ол үшін ешкімнен атақ-абырой, марапат күткеніміз жоқ. Біздің енді зейнетке шығып, бала-шағамыздың арасында жүргеніміздің өзі туған қаламызға деген сүйіспеншілігіміз ғой, Теміртау –туып-өскен алтын бесігім,- деді қаланың құрдасы Тамара Пустотина сөз сөйлеп.

Жиында „ТЭМК„ және комбинат ардагерлері өздерінің Теміртаумен құрдас екендіктерін мақтан тұтатындарын айтып, алғыстарын жаудырды.

Руза АЛДАШЕВА



70 ізгілікті іс

Биыл Теміртау қаласына 70 жыл толып отыр, осыған орай әкімдік пен қоғамдық ұйымдар бірлесе жасаған іс-шарада 70 жылдыққа 70 игілікті іс атқару белгіленген еді. Соның бірі жуырда „Әлем„ балалар мен жасөспірімдер орталығында өткен көпбалалы жанұяларға құрмет көрсету салтанаты болды.

Бұл күні қонаққа Быковтар, Фризендер және Колчиндер отбасылары шақырылған еді. Ақ дастархан жайылып, шай мәзірімен жеміс-жидекке толы үстелдер басына жайғасқан отбасы мүшелерін қалалық әкімдіктің еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы А.Стариковская құттықтап, қонақтардың әрқайсысына балаларға қажетті бұйымдар толтырылған сумкаларды сыйға



тартты. Бұл шараның биылғы республикалық „Мектепке жол„ акциясының заңды жалғасы екені де тілге тиек етілді. Шын мәнінде көп балалы отбасылардың бүлдіршіндері негізінен мектеп жасындағылар. Мәселен, Елена Фризен жеті баланың анасы, соның бесеуі қаламыздағы №27 орта мектептің оқушылары, ал қалған екеуі әлі кішкене сәбилер. Тоғыз баланы тәрбиелеп өсіріп отырған Колчиндер жанұясында

үш оқушы бар, екі ортаншысы лицей мен политехникалық колледжде, ең үлкені 22 жаста. Жанұяның отағасы Колчин Александр қаламыздағы „Энергоинформпроект„ кәсіпорнында жүргізуші болса, ұлы Владислав та политехникалық колледжді бітіргеннен кейін, әке жолын жалғастырып, осында еңбек етіп жүр.

Біздің отбасымыз атынан қаланың әкімдігіне, оқу бөліміне алғыс айтамыз. Биылғы мектеп-

Көп балалы отбасылар құрметтелді

ке жол акциясы барысында да бізге сыйлық жасалды. Балалар мектепте тегін ыстық тамақ ішеді, аз қамтылған, көп балалы жанұя ретінде жергілікті биліктің осындай қамқорлық жасап, қаланың 70 жылдығы қарсаңында арнайы қонақ етуі біз үшін үлкен мәртебе,- дейді балалардың анасы Лариса Васильевна.

Ал Елена Фризен әзірге өз отбасының баспанамен және басқа да тұрмыстық ыңғайлылықпен қамтамасыз етілмегенін жеткізді, өйткені олар біздің қалаға Шығыс Қазақстаннан қоныс аударған екен. Көп балалы бола тұра пәтер жалдап тұратын бұл отбасының қиындыққа мойымай, жеті баланы өмірге әкеліп, тәрбиелеп отырғаны басқаларға үлгі-өнеге боларлық.

Көп баланы өмірге әкеліп, әрқайсысын оқыту, тәрбиелеу

қиын болғанымен, біз жолдасым екеуміз оған еш мойымаймыз, өйткені бала-біздің болашағымыз. Өзіміз де кезінде көпбалалы отбасында өстік, сондықтан тұрмыстың қиындықтарын жеңуге күш-қуатымыз жетеді деген сенімдеміз. Балалардың сабағы жақсы, бәрі де мектепте жақсы оқиды, сонымен бірге түрлі спорт секцияларына, үйірмелерге қатысады. Біз олардың келешегіне сенеміз, -дейді Елена Фризен.

„Әлем„ балалар орталығындағы бұл көп балалалы жанұяларды құрметтеу салтанаты осындағы „Мирас„ „Бэби-шлягер„ және басқа да балалар өнер ұжымдарының әндерін әдептеліп, қызықты кездесу думанға ұласты.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Ана тілім - болашағым

Тіл- әрбір елдің мақтанышы. Ол- сонау ата-бабамыздан бері бізге мирас ретінде келе жатқан қастерлі қазынамыз, баға жетпес мұрамыз. Демек, әрбір адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарланбауына, ана тілінің өзгелерге мазақ болмауын қадағалауға міндетті.

Ана тіліміз- біздің ең басты байлығымыз Ана тілімізді, туған анамыздай қадірлеуіміз қажет. Себебі, дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ сөбі бойына Ана тілі ана сүтімен дариды екен деп естідім. Менің Ана тілім – қазақ тілі. Қазақ тілі- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілінің сөздік қорларын өзге елдермен салыстырып қарағанда таза әрі өте бай болып келеді. Оған дәлел Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халқының болашағын ойлай отырып, «Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін- еркін бар бояуымен тегіліп түсіретін тіл- қуатты тіл. Қазақ тілі- сондай тіл» деп ұлттық тілдің қаншалықты қуаттылығын айтқан жоқ па? Аспандағы жұлдыздардың саны қаншама сансыз болса, көгілдір аспанымыздың кеңістігі қаншалықты шексіз болса, ақын аталарымыз сияқты менің Ана тіліме деген махаббатым соншылықты шексіз. Біздің болашағымыз- Ана тілімізде. «Ана тілім ертең болса құрымақ, мен дайынмын өлуге де бүгін- ақ» деген Дағыстан ақыны Расул Ғамзатов. Міне, осы бір сөзді біз ұран ретінде алып, жүрегімізге сақтасақ. Ұзын сөздің қысқасы, біздің барымыз да , нарымыз да-Ана тіліміз. Демек, Ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, ата –бабадан мұра ретінде келе жатқан аманатқа қиянат жасамайық.

Жаннұр АЛИАСҚАРОВА,
Ғ. Мұстафин атындағы №5 қазақ орта мектебі 9 «ә» сынып оқушысы!



Мереке күніңмен!

Халқымыздың жаны қандай бай болса, кең даласы да сондай бай. Осы алып далада орналасқан ірі кәсіпорындарға қаншама жас маман қажет. Соларды дайындайтын оқу орындарының бірі – Теміртау техникалық колледжі. Ол елу жылдан бері қаламыздың өндіріс орындарына, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ға мындаған білікті де білгір мамандарды дайындап шығарды.



Ақ жол, саған, білім ордасы

Мен №27 ОКТУ 1993 жылы келіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бердім. Осы оқу орнында ұстаздықты өмірлік мұрат еткен, жеткіншектерге тәлім- тәрбиесін беріп, адамгершілік пен ізгілік нәрін сепкен, білімінің нұрын төккен инженер- педагогикалық қызметкерлер еңбек етіп жүр. Олардың ішінде құрметті демалысқа шыққан Овчаренко В.Ф., Шпагина Т.Н., Сахненко Н.В., Щебрюкова Н.Н., Назарова Н.С. сияқты ұлағатты ұстаздар да бар.

Балаға дұрыс тәрбие беру – жауапты іс. Директордың ОЖ орынбасары Гончарова Л.В. 33 жылдан бері ТТК қызмет етіп жүр. Өте биязы, қарапайым, бауырмал жан, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Біздің оқу орнымыз облыстағы алдыңғы қатарлы колледждердің бірі. Мұнда электрик, газбен дәнекерлеуші, токарь, станокшы, бақылау-өлшеу аспаптары шебері, автомеханик мамандар даярланады. «Елу жылда - ел жаңа» демекші, ол қазір күрделі жөндеуден өтіп, заманауи технологиялық құралдармен жабдықталған. Студенттерге санаты жоғары оқытушылар сабақ беріп, тәжірибелі шеберлер тәлім береді.

Менің өзімнің отбасымен ұстаздар әулетіненбіз, әкем Ғани Қабылбекұлы ҰОС-на қатысқан, бүкіл саналы ғұмырын мектепте ұстаздық қызметке арнады. Әке жолын оның 3 қызы жалғастырудамыз, үлкен апам Гүлнар химик-биолог, сіңілім Лиза математик, ал мен қазақ тілі мен әдебиеті маманымын. Барлық теміртаулық ұстаздарды кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Мерей тойың құтты болсын, білім ордасы! Биік шыңға жетелейтін жетістіктерің көп болсын!

Зәуреш БЕЙСЕМБАЕВА,
ардагер ұстаз



Оқу ордаларында

«Денсаулық фестивалі – 2015»



Жыл сайын жаңа оқу жылы басталысымен барлық білім ошақтарында «Денсаулық фестивалі», өтетіні мәлім, осыған орай тек мектеп оқушылары ғана емес, ұстаздар мен ата-аналар да айтулы шараға белсене атсалысады. Біздің №4 орта мектеп биылғы оқу жылы басталысымен көптеген іс-шараларды өткізіп, солардың аясында

тақырыптық-танымдық кештер, спорт сайыстары мен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған білгірлер бәсекесі, спорт жарыстары мен қала тарихынан сыр шертетін кездесулер легі толастамайды. Мысалы, денсаулық фестивалінде мектеп директоры сөз сөйлеп, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан», бағдарламасы

туралы айтты, сонымен қатар ата-аналар оқушылармен бірге таңертеңгілік ритмикалық әуенге үйлестіріп жаттығулар жасап, оған «Қара жорға», биінің элементтерін қосты. Шара аясында спорттық эстафета, «Көңілді мәре», және қозғалмалы ойындар секілді басқа да спорт түрлерінен барлық сыныптар арасында жарыстар өткізіліп, оларға оқушылар белсене қатысып, өз ептіліктерін көрсете білді. Оқушылармен қатар мұғалімдер де өзара дойбыдан жарысып, Б.Асылбекова, К.Сәрсекенова, А.Маут, Ғ.Базаров сынды ұстаздар шеберліктерімен жүлделі орындарды иеленді. Қыздар арасындағы баскетболдан 7 «А», сыныбы бірінші орынды жеңіп алса, минифутболдан 7 «Б», сыныбының бағы жанды.

Мектеп оқушылары сабақтарын жақсы оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, өздерінің жан-жақты тұлға болып қалыптасып келе жатқанын көрсете білетін осындай іс-шаралар оқу жылы бойынша жалғаса беретін болады.


Ләззат ШӘКЕНОВА,
№4 орта мектеп директорының орынбасары

«Нұр Отан» партиясының Теміртау қалалық филиалы «Теміртау мәдениет үйі» бастауыш партия ұйымы партияның «Бақытты отбасы»

Бақытты отбасы

жобасы аясында «Зорлықсыз отбасы» атты Қарағанды мемлекеттік индустриалды университетінің жастарымен, жас отбасы құрған студенттермен тақырыптық кездесу өткізді.

Кездесу барысында халықты әлеуметтік қорғау орталығының психологтары, Ішкі істер департаментінің отбасы мәселелері бойынша маманы, бастауыш партия ұйымының



белсенділері отбасы мәселелері, тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша жастарға ақыл-кеңестер беріп, заңның әйелдерді қорғау, отбасын сақтау бойынша баптарына тоқталып,

семинар соңында «Жеке оқиға» атты арнайы бейне сюжет көрсетілді.

Элмира КАЗЫМОВА

Отбасылық жарыс

Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа!

Өмірде бақыттысың денің сау да.

«Денсаулық - терең бақыт» деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.

Осы бір жолдарды ұран ете отырып, отбасы күніне байланысты Ғ.Мұстафин атындағы №5 қазақ орта мектебінде денешынықтыру пәні мұғалімі Такишов Дастан ағайдың ұйымдастыруымен «Әкем, шешем және мен» отбасылық сайысы өтті. Сайысқа мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіндер мен олардың ата-аналары қатысты. Мектеп - Ата-ана - Бала арасындағы байланысты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау барысында өткізілген бұл сайысқа Қыдырбаевтар отбасы, Тілеубергеновтар отбасы, Бейсенбековтар отбасы, Елеукеновтар отбасы қатысып, белсенділік танытты. Сайыс 9 кезеңнен тұрды. Әр кезең 5 балдық жүйемен бағаланып, әділқазылар баға беріп отырды. Сайыс соңында жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Иә, «Шынықсаң, шымыр боласың» демекші, бұл сайыс ата- ана-бала-мектеп арасындағы ынтымақтастық сенімді нығайтары айдан анық.


Әсемай ПУШАНОВА,
11 «а» сынып оқушысы

Ізгілік шарасы – балаларға



Биыл қасиетті құрбан айт мерекесі қарсаңында Теміртау қаласы Орталық мешітінде көптеген ізгілікті шаралар жүзеге асты. Ізгілікке толы дінімізде жоққа қарайласу, жетімді жебеу сауапты істерден екенін пайғамбарымыз хадистерде айтып кеткен. Осындай өнегелі ұранды алға тартқан Теміртау орталық мешіті қаланың балалар үйіне, қалалық тұрақты мекен-жайы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығына және жағдайы нашар отбасыларына қайырымдылық көмек көрсетті. Осындай игі шараны әркез міндетіне санайтын Теміртау имамдарының ізгілікті істеріне куә болған жұртшылық мешіт ұжымына дән ризашылықтарын білдірді.

Естай АМАНТАЙ,
орталық мешіттің найб-имамы



Өкпені зақымдайды

Темекі тартпасаңыз, өкпеңіз сау болады деп ойлайсыз ба? Егер қызуқанды адамдардың қатарында болсаңыз, өкпеңізге қауіп төніп тұр. Гарвард университетінің мамандары шамамен 700 адам қатысқан зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, ашуланшақ адамдардың өкпесі ауыратындығы анықталған. Өкпеде күйзеліс гормондарының салдарынан ісіну процесстері жүреді. Ойланып қарасаңыз, бақытты адамдар, расымен де, ұзақ өмір сүреді. Олардың күйзеліске шалдығуына еш себеп жоқ. Денсаулықтарында да «ақау» жоқ. Егер үнемі күйзеліп жүре беретін болсаңыз, өз өміріңізге өзіңіз балта шабасыз. Бұл туралы медицина университетінің ғалымы Крис Айкен жазған екен.

Ашу маскүнемдікке алып келеді

Ашуланған кезде адам не істеп, не қойғанын білмей қалады. Тығырықтан шығудың жолын іздейді. Ақырында ішімдікке салынады. Артынша мұны әдетке айналдырады. Сөйтіп үнемі ішімдік ішетін болады.

Жүрек талмасына ұшыратады

Ашу жүрекке кері әсерін тигізеді. Солтүстік Каролинадағы Wake Forest медицина мектебінің дәрігері Крис Айкен ашуланған соң көп уақыт өтсе де, жүрек талмасына ұшырау қаупі көпке дейін сақталатындығын айтты. Ашу жүрек-қан тамырлары ауруларымен тығыз байланысты екен. Ашуланшақ адамның өзгелеріне қарағанда, жүрек талмасына ұшырау қаупі екі

Соңғы бет

№ 37 (39) 2 қазан 2015 жыл



Біле жүріңіз

«Ашу — дұшпан, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақалды кішкентай кезіңізден естіп келе жатқан шығарсыз. Ашу денсаулыққа зиян. Ол түрлі ауруға шалдықтырып, күйзеліске түсіреді. Мұны ғалымдар да растап отыр. Кезекті материалымызда ашудың денсаулыққа қандай зияны бар екендігі туралы жазуды жөн көрдік.

Ашу денсаулыққа зиян



есе. Мұны зерттеу жұмыстары дәлелдеп отыр.

Инсульт болу қаупі

Ашу инсультті болдырады. Адам 2 рет ашуланған соң инсульт болу қаупі 3 есе артады. Әсіресе мидағы қан айналым жүйесі бұзылған, миында ақауы бар жандар үшін зиян. Егер аневризмаға шалдыққан болсаңыз, инсульт болу қаупі 6 есе артады.

Иммунитет әлсірейді

Қайта-қайта ашулансаңыз, әркез ауыра беретін боласыз. Гарвард университетінің мамандары жүргізген зерттеу жұмысына сәйкес, адам ашуланған соң 6 сағат өтсе де, иммуноглобулиннің деңгейі төмендейді екен. Осының салдарынан ағза инфекцияға төтеп бере алмай қиналады. Сіз біреуге ренжисіз, ашуланасыз, иммуноглобулиннің деңгейі төмендейді, артынша қатты ауырсыз. Ұзақ өмір сүргіңіз келсе, дау-жанжалдан аулақ болыңыз.

Алаңдатып, көкейге үрей ұялатады

Ашу мен мазасыздық бір-бірімен тікелей байланысты. 2012 жылы Cognitive Behavior Therapy журналында жарияланған зерттеу жұмысына сәйкес, ашудың үрей тудыратындығы

анықталған.

Күйзеліске шалдықтырады

Көп зерттеу жұмысы ер адамдардың күйзеліске шалдығуы тікелей ашумен байланысты екенін анықтады. Ғалымдар бұдан өзге жұмыста «пассивті ашу» болатындығын айтады. Бұл - ашуын сыртқа шығара алмай қиналу. Мысалы, сізді бастығыңыз көптің көзінше ұрысып жатыр. Ал сіздің бұл іске мүлдем қатысыңыз жоқ. Егер шындықты айтар болсаңыз, ол одан бетер ашуланып, ашуын өзге біреуден алуға кіреседі. Тіпті сізді екі есе айыптауы да ғажап емес. Осындай кезде ашуыңызды сыртқа шығара алмай қиналасыз. Артынша күйзеліске ұшырайсыз. Денсаулық - зор байлық екенін естен шығармаңыз. Оны мәңгілік өмір сүретіндей күтіңіз. Қосымша ақпарат 2001 жылы мәңгілік өмірдің гені табылған. Ғалымдар адамның өмір жасын ұзартудың түрлі тәсілін қарастырған. Зерттеу жұмысы барысында табиғаттың адамға берген жасы 110-120 екенін анықтаған. Біз бұл жастан артық өмір сүрмеуіміз мүмкін. Бірақ ақыл-есімізді, денсаулығымызды «тың» қалпында ұстай аламыз. Адам өмірінің ұзақтығының ¼ бөлігі генге, қалғаны сырттан келген әсер етуші факторға байланысты.

ӨМІРЛІК МӘНІ БАР КЕҢЕСТЕР

1. Бөріне бірдей алғыс білдіріңіз. Жақсылыққа да, жамандыққа да, сұмдыққа да. Өйткені өмірдің өзі сізге баға жетпес сыйлық екенін естен шығармаңыз. Ал ләззат пен ауыртпашылық сол өмір жолындағы кедергілер.
2. Түсінігіңізді өзгертіңіз, сонды сіздің өміріңіз де өзгереді. Қорқыныш, ашу, реніш секілді кездерде оқиғаға басқа бұрыштан қараңыз.
3. Әр жеңісіңізді тойлаңыз. Тіпті кішкентай белесті бағындырсаңыз да елеусіз қалдырмаңыз.
4. Алға қойған армандарыңыз бен мақсаттарыңызға қол жеткізу үшін айналаңызға мұқият мән беріңіз. Өйткені өмір өте қызық нәрсе. Жүре берсеңіз, көре бересіз. Ең бастысы ерінбей еңбек ете білу керек.
5. Әр адам біздің өмірімізге белгілі бір оймен келеді. Ал ол келген оймен біз келісеміз бе, келіспейміз бе өзіміз білеміз. Оның біздің өміріміздегі рөліне байланысты шешім қабылдаймыз.
6. Өз-өзіңізге сеніңіз. Қандай ауыр күндер келсе де, жеңіп шығатыныңызға сенімді болыңыз. Бәрі де ойдағыдай болады.
7. Барлығын бірден жүрекке жақын қабылдамаңыз. Бәз біреулердің іс-әрекеттері өздерінің өмірінен хабар береді. Сондықтан оның сізге ешқандай қатысы жоқ.
8. Табиғат дертіңізге дауа болады. Таза ауада серуендеу немесе әдемі пейзаждардың көрінісі басыңыздағы артық ойлардың бәрінен арылуға көмектеседі және көңіл-күйіңізді көтереді.
9. Біреуге ренжулі адам сізді де ренжітуі мүмкін. Бірақ бәрібір оны жақсы көріңіз.
10. Сауығу үшін оны сезіну керек. Өзіңіздің қорқынышыңыз бен осал тұстарыңызды жасырмаңыз. Шындықтың көзіне тура қарау өте қиын. Бірақ оның сізге пайдасы мол.
11. Әрдайым дұрыс жолмен жүре берсеңіз де жалығып кетуіңіз мүмкін. Сондықтан жіберген қателіктеріңізді еске түсіріп, еңсеңізді түсірмеңіз. Басыңыз аман болса, бәрі де жақсы болады.
12. Айналаңыздың бәрін айна деп елестетіңіз. Сіз біреуді жақсы көресіз, демек, өзіңізді де жақсы көресіз. Егер біреу сізді ренжітсе, онда сіз өз-өзіңізге дұрыстап қарауыңыз керек.
13. Өзгенің көңіліне қарап, бақытты қылу оңай нәрсе емес. Бұл өмірде тәуекелге баруыңыз керек. Іштей ұнатпай, бірақ жақсы көретін адамның кейпінде жүру - барып тұрған ақымақтық.
14. Кешірімді болыңыз. Бұл ең бірінші сізді ренжіткен адамға емес, өзіңізге керек. Кешіру арқылы сіздің жаныңыз тынышталады және бекерге басыңызды қатырып, алаңдамайсыз. Сондықтан тез әрі оңай кешіріп үйреніңіз.
15. Біздің бәріміздің де ішкі түйсігіміз керемет жұмыс істейді. Егер тоқтап қалып, оны тыңдасаңыз, өзіңіздің ішкі ақылыңыздың дауысын ести аласыз. Жүрегіңіздің тыныш сыбырды тыңдай біліңіз. Ол бақытқа аппаратын жолды көрсетеді.
16. Жаныңыз жаңғырып жатса да шынайы өмір сүріңіз. Жер бетінде мүлдем сіздей жан жоқ. Белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін адал, ақкөңіл адам болыңыз.
17. Адамнан айла асыру мүмкін емес. Осыны ескеріңіз.
18. Мен айналама нұр шашамын. Сіз айналаңызға нұр шашасыз. Біз айналамызға нұр шашамыз. Ал кейбіреулер өз жарығына өздері көлеңке түсіреді. Сіз керісінше басқаларға сәуле шашып, оларға жарық жолды көрсетіңіз.
19. Өмірді байсалдылықпен қабылдамаңыз. Бәрібір ешкім тірі кетпейді. Күлімдеңіз. Әр уақытты тиімді әрі ұтымды пайдаланыңыз. Сауық құрыңыз. Көңіл көтеріңіз.
20. Сізді шынымен жақсы көретін және қандай кезде де қасыңыздан табылатын адамдармен дос болыңыз. Ол адамдарға өзіңіз де қолдау көрсетіңіз. Себебі өмір өте қысқа. Ертең-ақ өтеді де кетеді.

Лавр жапырағының адам денсаулығына пайдасы

Лавр жапырағы бәріміздің де ас үйімізде бар. Оны көбіне қуырылған және бұқтырылған ет, сорпа секілді тағамдарға қосамыз. Алайда бұл жапырақтың халық медицинасында көп қолданатынын біріміз білсек, енді біріміз білмеуіміз мүмкін. Оның құрамындағы эфир майы, органикалық қышқылдар қабынуға қарсы әсер етеді. Лавр жапырағы субтропикалық климатта күн сәулесінен энергия алып өседі. Сол себепті оның адам ағзасына пайдасы көп. Енді біз көптеген дәрі-дәрмектің орнын қарапайым жапырақтың баса алатынын білеміз. Лавр жапырағы төмендегідей аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Арықтағыңыз келсе.

5-6 жапырақты ұсақтап турап, 1 стақан салқын су құйып, бір түнге қалдырыңыз. Таңертең лавр суын 15 минуттай қайнатып, қапактың астында тағы 30 минут сақтаңыз. Қайнатпаны күніне 3 рет ішіңіз. Емделу курсы - бір жеті. Одан кейін міндетті түрде 2 аптадай үзіліс жасауыңыз керек. Сусын дәмді болу үшін бал, жаңғақ, даршын, жанжабіл, кардамон қосып ішуіңізге болады.

Ауыз қуысы ауруларына қарсы.

Егер аузыңыздан жағымсыз иістер шықса, сіздің қызыл иегіңіз ісінсе, қанжел, стоматит, гингивит секілді ауруларға ұшыраған болуыңыз мүмкін. Олардың алдын алу үшін тамақ арасындағы үзілісте лавр жапырағын шайнаңыз. Нәтижесіне көзіңізді жеткізесіз.

Ұйқысыздыққа ұшырасаңыз.

Лавр жапырағының иісі дәрілік шүйгіншөптен кем тыныштандырмайды. Жастығыңыздың астына бірнеше лавр жапырағын салып жатсаңыз, жаңа туған нәрестедей ұйықтайсыз. Бұл әдіс балаларға да пайдалы. Мұндай хош иістен бала керемет қалың ұйқыға кетіп, түн ұйқысын мүлдем бөлмейді.

Ара шаққан кезде.

Ара шағып алған кездегі сезім бәріңізге де таныс шығар. Егер сондай жағдайға тап болсаңыз, лавр жапырағын ара шаққан жерге қойып, байлап тастаңыз. Қабыну тез арада кетеді.

Үйіңіздегі ауаны хош иістендіреді.

Лавр жапырағының құрамында эфир майы болғандықтан үйіңізді залалсыздандыратын қасиетке ие. 10-15 жапырақты алып, қайнатып, бөлмелеріңізге қойыңыз. Бірнеше минуттан кейін керемет хош иіс шығатын болады.

(Ғаламтордан алынды)

МЕНШІК ИЕСІ:

«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 39
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3.
Көлемі 3 баспа табак.
Оффсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru